

Найзағай намыс жарқ етіп...

Биылғы паралимпиадашылардың ел тарихында бұрын-соңды болмаған жеңіске қол жеткізгенін барлық ақпарат құралдары жарыса жазып, айтып жатыр. Расымен де, биылғы Паралимпиадада Қазақстан 9 медаль – екі алтын, үш күміс, төрт қола жеңіп алды. Екі қола – біздің жерлестеріміз Дастан Мұқашбеков пен Даяна Федосованың үлесі.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеше аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев паралимпиадашыларды қабылдап, құрмет көрсетті.

– Олимпиадаға қатысу – еңбек, ал, оның жеңімпазы атану – ерлік, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы. – Сіздерді шын жүректен құттықтаймын. Бапкерлеріңіз де сіздер үшін барын салды. Енді келесі паралимпиадаларға тыңғылықты дайындаламыз, арнайы жоспар құрамыз.

Жеңімпаздар мен олардың бапкерлері де өз кезегінде алғыс айтып, лебіздерін білдірді.

– Паралимпиада ойындарына екінші рет баруым. Дайындығым басқаша ұйымдастырылды, өзіме сенімді болдым. Бапкерлеріме, отбасыма рахмет. Осындай кездесулер ынталандырады. Сені қолдаушылар болса, жігерің арта түседі. Әр дайындық та мен үшін мотивация. Өзімнің дұрыс жолда келе жатқанымды білемін.

Паралимпиада ойындарына келген

кезде Азия, Әлем ойындарында, олимпиадаларда жүлдегер атану басында арманым еді, кейін мақсатыма айналды, – деді ол.

Париждегі XVII Паралимпиада Даяна үшін де екінші үлкен бәйгесі.

– Бұл – зор еңбек. Алғашқы қатысқанымда жеңіске жете алмадым. Дегенмен, ол да тәжірибе мен үшін. Қарағанды атынан барған спортшылардың жеңімпаз атанғаны қуантады. Алдағы уақытта алтынға қол жеткіземіз деген ойдамын, – деді Даяна Федосова.

Жеке бапкері Қанат Сағындық Даянadan алтын күткенін жасырмады.

– Дайындықты әлі де жалғастырамыз. Даянаның мүмкіндіктері мол. Ол бастапқыда рейтингте бірінші тұрған. Бірақ, қолы жарақаттанып, екі жарысқа қатыса алмадық, ем алып. Одан кейін үшінші орынға түсті. Жарақатына қарамастан өзі ерік-жігерінің, халықтың демеуінің арқасында жеңіп шықты.

Бытыр Азия, Әлем параойындарының жеңімпазы атанды. Келесі жылы пара дзюдодан Әлем чемпионаты Астана-

да өтеді, соған қатысамыз деп отырмыз. Жалпы, аймақ атынан барған екі спортшының да жеңіске жеткені қуантады. Мұндай жағдай сирек кездеседі, – деді Қанат Амантайұлы.

Қанат Амантайұлы үш жылдан бері Даянаның жеке бапкері. Ол – Ақсу-Аюлы ауылының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басшысы әрі Қарағандыдағы облыстың мүгедектер спортына мамандандырылған мектепте бапкер.

– Әрине, мүгедектігі бар балалармен жұмыс өзгеше, қиындау. Бұл балалардың психологиясы да бөлек. Қатты сөйлей алмайсың, еркелетіп сөйлеу керек. Қашанда олардың жанында болу қажет. Даяна ғана емес, мен жаттықтыратын көзі көрмейтін балалар бар. Жакында Азия пара ойындары басталады, соған үш бала апаруды жоспарлап отырмыз. Олар әлі де іріктеледі, – деді Қанат Амантайұлы.

Аймақ басшысы Дастан Мұқашбеков пен Даяна Федосоваға бір бөлмелі пәтердің кілті мен 7 миллион теңге сертификаты табыстады. Ал, олардың бапкерлері Сергей Безгачев пен Қанат

Сағындық 3 миллион теңгенің сертификатына ие болды.

Мұның алдында спортшылардың Мемлекет басшысының қолынан «Құрмет» орденін иеленгенін де айта кету керек.

Бұл басты дода спорттың 23 түрін қамтыды. Оған қатысқан Ұлттық құраманың еншісінде 33 лицензия болды. Құрама сапындағы 44 паралимпиадашы ел намысын қорғады. Олар параатлетика, парапауэрлифтинг, паратаэквондо, паравестел теннисі, паражүзу, парадзюдо, кануэ, пара-отырып ойнайтын волейбол, параоқу ату сынды тоғыз спорт түрінен бак сынасты.

Ел спортшылары Паралимпиада ойындарына осымен сегізінші рет қатысқан атынан абзал. Санлақтар 1996 жылдан күні кешеге дейін Жазғы Паралимпиада ойындарында 7 медаль (2 алтын, 4 күміс және 1 қола) жеңіп алған болса, биыл бұл қатар 9 медальмен толықты. Оның екеуі – алтын, үшеуі – күміс, төртеуі – қола.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ЕЛ МҮДДЕСІ

«QazTehna»: заманауи зауыт, серпілген Саран

Қарағанды – өндірістің ошағы. Кәсіпорындарға мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау қомақты. Инвестиция әкелген игілік те бар. Сондай іргелі кәсіпорындар жергілікті жұртқа тәуір жалақымен жұмыс беріп отыр. Сөйтіп, өндіріс өнірді өркендетуде. Солардың ірісі Саран индустриялық аймағында шоғырланған. «QazTehna» ЖШС – Саранға серпініп отырған кәсіпорынның бірі.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

QazTehna. Брендті қалыптасып, қанаты қатайған кәсіпорын. Төрт жылдың ішінде тек Қарағанды автопаркін ғана жаңартқан жоқ. Елорда, Шымкент, Алматы және еліміздің басқа да қалаларына автобус құрастырып беріп отыр. Күніне төрт-бес автобус жолға шығады. Заманауи жабдығы толық зауыттың жыл сайын өндірістік қуаты сәйкесінше өседі.

► 4-бет



• АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Атом энергиясы – елдің болашағы

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік маңызды мәселелер көтерілді. Солардың бірі – елімізде қуат көздерін көбейте отырып, энергия тапшылығын жою. Осы мақсатта қабылданған батыл шешімдер, жасалынып жатқан қадамдар да жоқ емес. Солардың санында Қазақстанда атом электр стансаларының құрылысын салу жобасын атауға болар еді.

Бұл шаруаны қолға алмас бұрын Мемлекет басшысы жұртшылықтың оған қатысты ойын біліп, қоғамдық пікірді зерделеіп, нақты бір шешімге келу үшін мәселені бүкілхалықтық талқылауға шығарып, референдум өткізуді ұсынған болатын. Осылайша, биылғы қазан айының 6-сында республикада бүкілхалықтық референдум өткізілетіні туралы Президент Жолдауында жариялады.

Атом энергиясы адам өмірінде кең қолданылатын энергия түріне айналып келеді. Атом (ядролық) энергиясы дегеніміз не? Әрбір атом энергия бөлшектерінен тұрады. Осы энергия атомның барлық бөлшектерін біріктіреді, ал, егер оларды ажыратса (бөлсе), онда әлгі энергия босатылады. Атом энергетикасын дамыту елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады, оған болашақта энергия өндірісін диверсификациялауға қол жеткізу мүмкін емес. Бұл электр энергиясын сырттан сатып алуға тәуелділікті айтарлықтай азайтады немесе толығымен жоюды, мұның өзі шикізат бағасының ықтимал тұрақсыздығы және электр энергиясына сұраныс көп еселеп артуы болжанып жатқанда үлкен пайда әкеледі. Тұтастай алғанда, Қазақстанда ядролық энергетиканың болашағы жарқын, оны дамыту барлық энергетикалық саланың қуатын айтарлықтай арттыра түседі. Сол себепті, Қазақстан үшін де АЭС (атом электр станциясы) салу мәселесі өзекті.

Қазақстан – энергетика саласында тап қазіргі сәтте үлкен әлеуеті бар ел. Елімізде табиғи ресурс көп. Мұнай, газ, көмірді айтпағанда, уран қоры да мол. Қазақстан уран өндіруден әлемде жетекші орында екені анық. Сонымен қатар, Энергетика министрлігінің 2024 жылғы ресми мәліметінше, Қазақстан табиғи уран қоры бойынша әлемде 2-орында тұр. Бұл нені білдіреді? Демек, еліміз АЭС салу үшін өзін-өзі қажет шикізатпен қамтамасыз ете алады деген сөз.

Қазақстанның энергия жүйесі негізінен көмірге тәуелді болғанымен, экологтар мұның экологиялық зардабын жиі айтады. Қазақстан энергетикасы ерте ме, кеш пе, әйтеуір осы жолды тандары анық. Бұл ретте көмірсутегімен салыстырғанда атом энергетикасының үлкен экономикалық тартымдылығы шешуші рөл ойнауы тиіс.

Қазақстанда АЭС салу елдің дамуы үшін үлкен әлеуетке ие, бірақ үкімет, халықаралық әріптестер мен жұртшылық тарапынан елеулі күш-жігерді талап етеді. Егер қауіпсіздік пен экологиялық тазалықты қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ, инвестициялар тарту және халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін барлық қажетті шаралар қабылданатын болса, Қазақстанда АЭС салу елдің энергетикалық секторын дамытуда және оның экономикасын нығайтуда маңызды қадам бола алады. Ядролық энергетиканың маңызды абзалдықтарына экономикалық тартымдылығы мен ұзақ уақыт бойы электр энергиясы бағасының тұрақтылығын жатқызуға болады. Атом энергетикасын дамыту отандық машинажасаудың технологиялық деңгейін көтеруге, елдің ғылыми-техникалық қуатын нығайтуға және экономиканың жаңадан жоғары технологиялық салаларын жасауға жан-жақты ықпал етеді. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың АЭС үшін жабдықтар шығаратын халықаралық кооперацияға интеграциялануы жүзеге асады.

Алиби АЛИМБЕКОВ,
Теміртау жоғары политехникалық колледжінің энергетика кафедрасының жетекшісі



• РЕФЕРЕНДУМ – 2024

Мақсат – мәжбүрлеу емес, мәнін түсіндіру

Қазақстанда АЭС салу мәселесі жөніндегі екіұдай пікірлер қоғамдық ортада да, әлеуметтік желілерде де толастамай тұр. Соған байланысты құрылған Республикалық халықтық штабтың мүшелері бұл жолғы сапарларында Абай ауданындағы Топар кентінің тұрғындарымен кездесіп, 6 қазанда өтетін жалпыұлттық референдум алдында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, оларды толғандырған сұрақтарға жауап берді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай аудандық халықтық штабының және «Аманат» партиясы аудандық бөлімшесінің төрағасы Нұрлан Адашев бастап келген бұл үгіт-насихат тобының құрамында Республикалық халықтық штабтың мүшелері, Парламент Мәжілісінің депутаттары Үнзила Шапақ пен Тілектес Адамбеков, «Ақжол» партиясы төрағасының орынбасары Айнаш Байқоңырова, облыстық халықтық штабтың сарапшысы, ҚЭУ «Экология және бағалау» кафедрасының меңгерушісі, профессор Гүлжан Байкенова, облыстық халықтық штабтың мүшесі, «Ауыл» партиясы облыстық бөлімшесі төрағасының орынбасары, облыстық мәслихаттың депутаты Аян Әбдікәрімов болды.

Ең әуелі кентте орналасқан аудандық орталық аурухана ұжымымен болған жүздесуде Үнзила

гіміз де қамтамасыз ететінін түсінуге тиіспіз.

– Сол энергетикалық тәуелсіздікке жетудің бірден-бір жолы атом электр станциясын салу болып табылады. Одан нағыз экологиялық таза энергия алынады, – деп қостады оны Гүлжан Байкенова да. – Еліміз әлемде уран өндіру жөнінен бірінші, ал оның қоры жағынан екінші орында тұрса, сол мол байлығымызды ел игілігіне жаратып, электр энергиясын сырттан сатып алғанша, оны өзімізде өндіріп, тиісті келешекте оны экспортқа неге шығармасқа?!

Кездесу кезінде осы аурухананың хирургі Ержан Рамазанов АЭС салу туралы әңгіме қозғалып отырған ауруханада әлі күнге онкологиялық ауруларды зерттейтін радиологиялық және басқа да заманауи аппараттардың мүлдем жоқтығын қынжыла айты.Өз кезегінде Үнзила Шапақ оның бұл жанайқайын облыс бас-

Жұмыс – жүйелі, құрылыс – қарқынды

Шет ауданы аумағында бірқатар нысанның құрылысы жүріп жатыр. Оның ішінде, әлеуметтік нысандар, білім беру ұйымдары және тұрғын үйлер бар. Сонымен қатар, жол жөндеу, көріз желілері мен су құбырын жаңарту һәм абаттандыру сынды маңызды жұмыстар да қызу. Шет ауданына жасаған жұмыс сапары барысында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жүріп жатқан жұмыстармен танысты, нысандарды аралап көрді.



Білімді ұрпақ – кемел келешек кепілі

Атап айтсақ, алдағы уақытта Ақадыр кентінде жатақханасы бар колледж салынбақ. Аталған білім ордасы ашылса, кадр тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік берумен қатар, жастарға қалаға бармай-ақ, сапалы кәсіптік-техникалық білім алуға жол ашылады.

Бұл туралы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Шет ауданына жұмыс сапары кезінде мәлімдеп, колледжге лайықты ғимарат табуды тапсырды.

Бұдан бөлек, Шет ауданындағы жас буынның санасына сапалы білім нәрін себу үшін С.Сейфуллин атындағы кент пен аудан орталығы Ақсу-Аюлыда әрқайсысы 300 орындық екі жайлы мектеп салынып жатыр.

Ал, Ақадыр кентіндегі Ә.Ермеков атындағы мектеп жанынан жаңа спорт залы мен асхана орналасатын қосымша ғимарат бой көтерген. Қазір ішкі жұмыстары жүргізілуде.

Сапар барысында облыс әкіміне аталған ғимаратқа инженерлік желілер, оның ішінде су құбыры, көріз жүйесі тартылатыны баяндалды.

Ермағанбет Бөлекпаев орташа жөндеу жұмысы жүргізіліп жатқан облыстық маңызы бар «С.Сейфуллин – Ақадыр» автожолына да ат басын бұрды. Оның жалпы ұзындығы – 86 шақырым.

Грейдерлік автожол екі жыл бұрын асфальттала бастаған. Биыл қайта есептеу әдісімен қалған 26 шақырым ретке келтірілмек.

Мердігер компания бүгінге дейін 21 шақырым жолды асфальттап үлгеріпті. Жол жиектерін толтыру және нығайту жұмысы жүйелі.

– Тұрғындар тарапынан Айса ауылына дейінгі жолдың сапасына қатысты айтылған шағым орынды. Шұңқырлар көп. Мердігерді кепілдік міндеттемесі шеңберінде кемшіліктерді жоюға міндеттеу қажет. Жалпы, барлық жолдар мұқият тексерілуі тиіс. Сапаға қатысты талап – қатал, мұны ұмытпаған жөн, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Одан бөлек, Ақадырдағы кентшілік жолдар да ретке келтірілуде. «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша С.Сейфуллин, Дария, Бұрма, Өспен, Еркіндік ауылдарына жол төселеді.

Сонымен қатар, Ермағанбет Бөлекпаев Ақадырда 48 пәтер-



лік сегіз заманауи таунхаустың құрылысымен танысты.

Қазірдің өзінде үйлердің құрылыс жұмысының 70%-ы орындалған. Кезекте тұрғандар тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Айналма жолдан кейін аймақ басшысы Шет ауданының тұрғындарымен кездесті.

Теміржолға өткел көпір салынады

Кездесуде ауыл тұрғындарының көпшілігі медициналық қызмет көрсету сапасына, ТКШ салатысты талап – қатал, мұны ұмытпаған жөн, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Одан бөлек, Ақадырдағы кентшілік жолдар да ретке келтірілуде. «Ауыл – ел бесігі» жобасы бойынша С.Сейфуллин, Дария, Бұрма, Өспен, Еркіндік ауылдарына жол төселеді.

Сонымен қатар, Ермағанбет Бөлекпаев Ақадырда 48 пәтер-

жобадармен қамтуға қатысты шағымдарын да іркіп қалмады.

Жиында ФГДС, офтальмолог және ЛОР-дәрігер кабинеттері заманауи ультратрадыстық аппаратпен, жабдықтармен аудандық аурухананы қамтамасыз етіледі деп уәде берілді.

Сондай-ақ, ауданда заманауи ФАП, медициналық пункттер мен отбасылық-дәрігерлік амбулаториялардың құрылысы жалғасып жатқанын атап айту керек.

– Шет ауданы дамып келеді. Бұл бізді қуантады. Басты міндетіміз – халықтың жайлы өмір сүруіне жағдай жасау. Бұған инфрақұрылымды жүйелі құрудың арқасында қол жеткізуге болады. Ақадыр ауылының даму әлеуеті зор. Сондықтан, сол жерде колледж ашып, білікті жұмысшы мамандықтарын дайындауды бастаймыз, – деп атап өтті облыс әкімі.

Кездесу соңында Ермағанбет Бөлекпаев азаматтарды жеке



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

қабылдап, ұсыныстары мен өтініштерін қойын дәптеріне түртіп алды. Барлық өтініштер бақылауға алынды. Енді сол өтініштер зерттеліп, толық жауап ұсынылады.

Заманауи таунхаустар – уақыт талабы

Шет ауданы аумағында қарқынды жүріп жатқан құрылыс елдің үміті зор. Өйткені, үйлер салынып бітсе, кезекте тұрған 202 отбасы баспана кілтін алады.

Ақсу-Аюлы, Ақадыр, С.Сейфуллин, Ақжал кенттерінде де жаңа үй мен таунхаустар салыну-да.

Бір мысал – Ақсу-Аюлыдағы «Құмжон» шағынауданы. Мұнда кезекте тұрғандар үшін заманауи таунхаустар мен жайлы үйлердің салынуы тұрғындарды қуантып отыр.

Он бір көппәтерлі таунхаус пен он жартылай жеке үй құрылысы жүргізіліп жатқан компания тарапынан бірден модульдік қазандықтан жылытылады.

Мұнда сондай-ақ, жаңа трансформатор пунктін орнатылып, электр желілері тартылды.

– Ақсу-Аюлыда биыл 104 пәтер тапсыруды жоспарлап отырмыз. Жаңа «Құмжон» шағынауданы ауылдың төлқұжатына айналады. Бұл сұйық травертинмен қапталған қаладағылардан бір мысқал кем түспейтін әдемі әрі жайлы үй болмақ. Орталық жылыту және жаңа трансформатор пунктін жылуды және электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Құрылыс салушы компания мұның бәрін өз есебінен жасайды,



Шапақ бұл сапарларының мақсаты халықты референдумға қатысуға мәжбүрлеу емес, елімізде АЭС салудың мәнін түсіндіру екенін бірден ашып айтып, оның қауіпсіздігі мәселелеріне назар аударғаны.

– Мен осында келердің алдында Алматы қаласындағы Ядролық физика институтында 3 сағат болып, 400 мВт қуатпен жұмыс істеп тұрған шағын ядролық реактордың қауіпсіздігімен танысып, ондағы ғалымдар және жұмысшылармен сөйлесіп, пікірлестім. Сонда олардың сөзінен жылдар бойы денсаулықтарына кінәрат келмей, дені сау ұрпақ өсіріп жатқандарын аңғарып, көзім жетті, – деп, Үнзила Шапақ ақ халатты жандардың да алаң көңілін орнына түсірді.

Республика Парламенті Мәжілісінің қатарынан 7,8-шақырылымдарының депутаты болып сайланған Тілектес Адамбеков:

– Қазір дүние жүзінде ешбір мемлекет көмірмен жағылатын электр станцияларын салмайды. Дүниежүзілік ядролық қауымдастықтың мәліметіне сүйенсек, бүгінде әлемде 415 ядролық энергетикалық реактор жұмыс істеп тұр және тағы 62-сінің құрылысы жүргізілуде. Бұлардың басым бөлігі АҚШ (94), Франция (65), Қытай (56), Ресей (36), Оңтүстік Корея (26), Жапонияда (12).

Осындай дамыған өркениетті елдер қатарына қосылу үшін бізге бір емес, бірнеше АЭС салу керек болады. Өзгерсе осы алғашқы АЭС-ті белгілеген 10-12 жылда салып бітірсек, ол біздегі энергия тапшылығының бәрін бірдей жаба алмайды. Оның жетімсіздігінің орнын баяғыша өзімізде бар энергия қуаттары, соның ішінде сіздердің ГРЭС-те, толтыра тұратын болады. Бірақ бара-бара бұлардан бас тартуға тура келеді, – деді.

Шынымен де, осы күнге дейін көмір жағылатын энергия орталықтары зиянды қалдықтарымен ауамыз бен қоршаған ортаны ластанып отырса, жел мен күн энергиясы көп ретте ауа райына тәуелді болса, гидроэлектр станциялар су тапшылығынан зардап шегеді.

– Сондықтан да, – деді тағы Тілектес Адамбеков, – еліміздің толық тәуелсіздігін геосаяси жағдайдың тұрақтылығы ғана емес, энергетикалық тәуелсізді-

шылығы мен тиісті органдарға жеткізуге уәде етті.

Келесі кезекте кенттегі «Энергетиктер» Мәдениет үйінде болатын кездесуге келген адамдардың дені зейнет жасындағы қарттарымыз болып шықты. Бірақ олардың оқыған-тоқығандығы, білімдарлығы Мәжіліс депутаттарының өзін таң қалдырып, Үнзила Шапақ оны «Түсіндірмек болып келіп, біліктілігімізді байытып қайтамыз ғой» деп мойындады. Сол дана ақсақалдарымыздың бірі, өз мамандығы энергетик, 86 жастағы Бансет Салықов әңгімені әріден бастап, АЭС-ті қай ел салатынын сұрап, ол салынып біткен күнде энергетикалық қауіпсіздігіміздің тірегі болатын бұл стратегиялық нысанның біреудің не басқа елдің меншігіне өтіп кетпеуіне алаңдаушылық білдірді.

Бұл мәселе алдағы референдум бюллетеніне енгізілмесе де, түбі күні бір қозғалары анық. Осы орайда жауап берген Тілектес Адамбеков қазірде Қазақстанда АЭС салуға құлшыныс танытып отырған елдердің қатарында Қытай, Ресей, Франция, Оңтүстік Корея бар екенін, соның ішінен біздің елге тиімді және тартымды жоба таңдап алынатынын, ал, нысанды басқару мекеметтік деңгейде шешілетінінен хабардар етті.

Зейнеткер қарттарымызды мазалайтын тағы бір нәрсе – АЭС-те жұмыс істеуге тиіс кадрлар мәселесі. Дегенмен, бізде оған алаңдауға негіз жоқ екені түсіндіріліп, айтылды. Яғни салынған АЭС-те 2 мың адам жұмыс істейтін болса, 2011-2023 жылдар аралығында елімізде «Ядролық физика», «Ядролық энергетикаға арналған материалдар», «Ядролық физика және атом энергетикасы» мамандықтары бойынша 2 мың адам даярланса, биыл 250 студент осы мамандықтарға оқуда көрінеді. Сол себепті, Қазақстанда АЭС құрылысын салуға қажет қуатты шикізат базасы да, білікті маман кадрларымыз да жеткілікті екен ғой. Міне, осылардың бәрін естіп, қаныққан топарлықтардың да алдағы референдумға ешкімнің қуштеуінсіз барып, дауыс беруіне күмән жоқ.

Абай ауданы

Сурет автордан

• ЭНЕРГЕТИКА

Жылу орталығы қысқа дайын

Қарағанды қаласындағы ЖЭО-1 және ЖЭО-3 алдағы жылы таусымына толық дайындығы туралы паспорттың алды. Құжат энергия жабдықтарының сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін іс-шаралардың орындалғанын растап, жылу беруге дайын екендігін көрсетеді. Бұл туралы «Қарағанды Энергоцентр» компаниясы мәлімдеді.

Компания мәлімдемесінде «Станцияның дайындық индексі жеке көрсеткіштерден тұрады. Тексеру барысында генерациялаушы және жылу желілік жабдықтарының төмен температура жағдайында жұмыс істеуге, диспетчерлік жүктемелер кестесін

жүргізу техникалық дайындығына ерекше көңіл бөлінді. Сондай-ақ, персоналдың дайындығы, қорғаныс құралдарымен және арнайы киіммен жабдықталуы қадағалау-да болады», – делінген.

Дерекке сүйенсек, ЖЭО-1 кәсіпорынында энергетикалық

және су жылыту қазандық агрегаттарына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар, турбина кеңейтілген ағымдағы жөндеуден өтіпті. Жөндеу жұмыстары үш энергетикалық және екі су жылыту қазандық агрегаты, үш турбинаға жасалған. №1 қазандық агрегатына ағымдағы жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын.

ЖЭО-3 кәсіпорынында да қазандық агрегаттың күрделі жөндеу және турбинаны кеңейтілген ағымдағы жөндеу жұмысы мен бес қазандық пен төрт турбинаны

жөндеу жұмыстары аяқталыпты. Қазандық пен турбинаны күрделі жөндеу және №3 қазандық агрегатын ағымдағы жөндеу жұмысы да жақын күндері аяқталады.

Отынның көмір мен мазуттың нормативтік қоры құрылды. Жылыту маусымы барысында оның тиісті мөлшері сақталады.

Алданыш ОЛЖАБАЕВА,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университетінің
IV курс студенті

• АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Ғылымның заманауи жетістігі

Бір күн емес, бір сағатқа қуат көзі өшсе, жағдайдың қалай болатынын білесіз. Демек, адамға да өндіріске де қажетті басты ресурс ол – энергия. Қысқасы, ел экономикасында тоқырау емес, өсім болсын десек, бірінші кезекте энергетика саласын дамыту керек. Ал, әлемдік ғалымдардың «Алда энергия жетіспеушілігі болады» деп дабыл қаққаны кеше емес. Бұл өзекті мәселе күн тәртібінен түспей тұр. Жаңа АЭС – сұранып тұрған мәселе. АЭС – ғылымның жетістігі.

Энергетикалық қауіпсіздік – мемлекет негізі

Ия, асылында энергетикалық қауіпсіздік кез келген мемлекеттің негізі, өйткені, ол жоғарыда да атап айттық, мемлекеттің экономикалық тұрақтылығына, ұлттық қауіпсіздігіне және сол елде өмір сүріп жатқан барша халықтың әлауқатына тікелей әсер етеді. Қауіпсіз әрі таза энергия көзі АЭС – әлем елдері арасында танымал. Айталық, дүние жүзінде 31 елде 415 реактор жұмыс істейді. Бүгінгі таңда атом энергиясы әлемдегі электр энергиясының шамамен 10%-ын қамтамасыз етеді. Атом энергетикасының қуаты едәуір елдер: АҚШ (94 реактор), Франция (56 реактор), Қытай (56 реактор), Ресей (36 реактор), Үндістан (20 реактор), Оңтүстік Корея (26 реактор), Жапония (12 реактор). Бір мемлекет үшін бұл – энергетикалық қауіпсіздік, енді бір ел үшін экологияны жақсарту жолы, тағы бір мемлекет оны экономикалық мақсатта қолданады. Мұндағы ең басты мақсат – энергетикалық тәуелділікті жою. Қауіпсіз қуат көзін өндіру.

Атом электр станциясы – ол бірнеше мыңдаған жылдар бойы энергия тапшылығынан құтқару. 2050 жылға қарай барлық әлем елдерінің АЭС-інен өндірілетін электр энергиясы 792 ГВт дейін, яғни 2 есеге өседі деген болжам бар. Бұл – халықаралық агенттіктің ұсынған мәліметі. АЭС – базалық генерацияның ең экологиялық таза түрі. Атом электр станциясынан экология еш зардап шекпейді. Атом электр станциялары көміртексіз энергияның негізгі құрамдас бөлігі саналады. Сондықтан,

Балқаш-Алакөл бассейні су ресурстарының көлемі 25,2 млрд м3 деп бағаланады, бұл да атом электр станциясын салқындату үшін қажетті көлемнен айтарлықтай көп, сондықтан, станция бұл бассейнінің су құрамына кері әсер етпейді. Жалпы әлемде табиғи су қоймаларының жағасында атом электр станцияларын салу тәжірибесі кең тараған және атом электр станцияларын пайдаланатын дүниежүзінде станциялардың су қоймасына теріс әсер ету факторлары әлі бірде-бір рет кездескен жоқ.

одан мүлдем экология зардап шекпейді. Керісінше, бұл электр орталығы парниктік газдың әсерін азайтуға көмектеседі. Айталық, 1000 МВт болатын атом электр станциясын жыл сайын пайдаланса да, парниктік газдар шығыны 8 миллион тоннаға азайып отырады. Атом электр станциялары көмір немесе табиғи газ қондырғыларына қарағанда отынды әлдеқайда аз тұтынады, бұл көміртегі бейтараптығы мақсаттарына қол жеткізуге көмектеседі. Оның үстіне ол – сарқылмас қуат көзі.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық Экономикалық Комиссиясының (БҰҰ ЕЭК) ұйғарымымен, тек осы атом энергетикасы ғана парниктік газды ең аз бөлетін энергия түрі деп бекітілген.

Ал, одан өзге энергия түрлері, мәселен, көмір – 820 грамм/кВт/сағ (CO2 баалмасы), табиғи газ – 490 грамм, су электр станциялары – 24 грамм, СЭС (күн концентраторы) – 48 грамм, атом – 12 грамм бөледі.

Атом энергиясы – қазіргі жаһандық жылынумен күресу құралдарының негізі. Мысалы, Еуропадағы атом электр станциялары жыл сайын 700 миллион тонна CO2 шығарындыларын болдырмайды.

АЭС-тің қоршаған орта мен адам денсаулығына кері әсері жоқ

Атом электр станциясын салудағы басты негізгі басымдық пен принциптің бірі – оның қоршаған ортаға зиянды әсерінің болмауы. Алдын ала бағалаулар жүргізілген болатын. Нәтижесінде, атом электр станциясын салу және оны пайдалану кезінде Балқаш көлі немесе Ертіс өзенінің экожүйесіне ешқандай қауіптерді анықтаған жоқ. Мұнымен жұмыс тоқтамайды. Әрі қарай жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу кезеңінде ғылыми және инженерлік мамандар жан-жақты және жан-жақты зерттеу жүргізетін болады. Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметінше 2021 жылғы қыркүйектегі жағдайға сәйкес, Ертіс өзені бассейнінің су ресурстары 30,4 млрд м3 құрайды. Атом электр станциясының технологиялық циклi кезiнде судың булануынан болатын шығын жылына шамамен 63 млн м3 деп бағаланды (қуаты 2400



электр станциясының жұмыс істеу кезеңінде орта есеппен 2000-ға жуық жоғары және орта арнаулы білімі бар персонал қажет.

Осы мақсатта болашақта атом энергетикасын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында Кадрларды даярлау жоспары жеке әзірленіп, қабылданады, оның негізінде қажетті мамандар санын дайындау ұйымдастырылады. Бұл ретте атом электр станцияларының өнеркәсіптік өндірістік персоналының шамамен 20%-ын ядролық білімі бар зауыт қызметкерлері құрайды.

АЭС мына салаларға ықпал етеді:

Парникті әсерді азайтады. Мысалы, жыл сайын 1000 МВт атом электр стан-



Коллажды жасаған Ш. Адамбекова

циясын пайдалану парниктік газдар шығарындыларын 8 миллион тоннаға азайтады.

Елдің ғылыми-техникалық және кадрлық әлеуетін өсіреді. Генерацияның жаңа технологияларын енгізу атом энергетикасы саласына ғылыми кадрлардың жаңа буынын қалыптасыруды және жоғары білікті мамандарды даярлауды талап етеді.

Өнеркәсіпті дамытып және Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығын арттырады.

Экономикалық даму. АЭС құрылысы экономикалық өсуді және жаңа жұмыс орындарын ашуды қамтамасыз етеді. Атом электр стансасын салу кезіндегі 1 жұмыс орны сабақтас салаларда 10-нан аса жұмыс орнын ашады.

Білім беруді, жобалауды, жоғары технологиялық және білімді қажет ететін технологияларды, сабақтас салаларды: машина жасау, металлургия, аспап жасау және т.б. дамытады.

Жаракат алу деңгейін төмендетеді. Дүние жүзіндегі жинақталған деректерге сәйкес атом энергетикасы өнеркәсібінде апат болу ықтималдылығы ең төмен пайызға ие.

Генерацияның тиімділігін арттыру. 4%-ға дейін байытылған, генерациялау кезінде пайдаланылатын 1 килограмм уранның энергетикалық құрамы толығымен жанған кезде шамамен 100 тонна жоғары сапалы көмірді немесе 60 тонна мұнайды жағумен тең энергия бөледі.

Ел тұтынушыларын 60 жылдан аса сенімді энергиямен қамтамасыз етеді. АЭС орналасқан ауданның инфрақұрылымын дамыту. Негізгі нысан жолдар, темір жолдар, мектеп, аурухана-лар, тұрғын үйлер және т.б. салуды ықпал етеді.

Уран өнімдерін өндіру үшін өзіміздің

гектар, күн электр станциясы – 15 000 гектар, су электр станциясы – 400 000 гектар, ал, АЭС-ке осынша мөлшерде қуат көзін өндіру үшін бар болғаны 400 гектар жер қажет.

Қалдықтардың жиналуы – шешілетін мәселе

Шынында да, атом электр станцияларын пайдалану нәтижесінде пайда болатын қалдықтардың жиналуы атом энергетикасындағы негізгі мәселелердің бірі, бірақ бұл проблеманы шешудің технологиялық шешімі бар. Атом электр станцияларының қалдықтары әртүрлі критерийлер бойынша жіктеледі және олардың ең маңыздысы – оның адамдарға және қоршаған ор-

• РЕФЕРЕНДУМ – 2024

Жаһандық энергетика элементі

Атом электр станциясы – атом энергиясын пайдаланып, электр энергиясын өндіретін өнеркәсіптік кәсіпорын. Атом электр станциялары – қазіргі әлемдегі электр энергиясының маңызды көздерінің бірі.

Олар көптеген елдерде энергетикалық қауіпсіздік пен экономикалық өсімде шешуші рөл атқарады, сондықтан, Қазақстанға атом электр станцияларын салу қажет.

Мысалы, Чехияда екі атом электр станциясы – Дуковани және Темелин бар. Олар сол елдің электр энергиясына қажеттілігінің айтарлықтай бөлігін қамтамасыз етеді. Атом энергетикасы елдің көмір мен табиғи газға тәуелділігін төмендетуде шешуші рөл атқарады, бұл әсіресе, таза энергия көздеріне көшу жағдайында маңызды. Атом электр станциялары – экономикалық, экологиялық және басқа параметрлердің, сондай-ақ, сенімділігінің, қауіпсіздігі мен тиімділігінің бірегей үйлесімінің арқасында тұрақты энергиямен қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін, CO2 шығарындыларын және энергетикалық тәуелсіздікті төмендететін жаһандық энергетиканың іргелі элементі. Энергияға сұраныс пен климаттың өзгеруіне байланысты тұрақты экономикалық өсім мен халықтың әлауқатын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, бәсекеге қабілетті жаһандық әлемде болашақ үшін сенімді және перспективалы энергия көзі болып қала береді.

С.РАБАЕВ,
Теміртау кәсіптік колледжінің
арнайы пәндер оқытушысы

Ардагерлер пікір білдірді


Жақында АЭС құрылысын қолдау жөніндегі Балқаш қалалық штабының мүшелері ардагерлермен кездесу өткізді. Іс-шараға барысында спикерлер Президенттің АЭС салу туралы референдум өткізу бастамасының маңыздылығына тоқталып, бұл қадам «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының көрінісі екенін атап өтті.

– Атом электр стансасын салу тұрасында қоғамда әр түрлі пікір бар. Бірі – одан табиғат пен қоршаған ортаға зиян шегетіндігін айтса, бірі – ел экономикасының жаңа серпіні үшін қажет екендігін айтуда. Өткен ғасырдағы ірі жарылыстар мен экологиялық апаттың зардабын әлі тартып келе жатқан халықтың үрейі де жоқ емес. Бұндай үлкен жобаларды жан-жақты сараптап елдің ертенін ойласып, шешім қабылдау керек, – дейді Балқаш қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Тайтөлеу Жұманов.

Сонымен қатар, АЭС құрылысын қолдау жөніндегі Балқаш қалалық штабының төрағасы Дидар Мұратұлы АЭС-тің экономикалық пайдасын, көмірқышқыл газын азайтуға ықпал ететіндігін атап өтті. Сондай-ақ, АЭС салу елдің энергетикалық тәуелсіздігін нығайтып, тұрақты дамуына жол ашатынын жеткізді. Жийін соңында штаб мүшелері тұрғындарды референдумға белсенді қатысуға шақырды.

Өз тілшімізден

БАЛҚАШ



АЭС көп көлемде жер талап етпейді. Салыстырмалы түрде қарасақ: түрлі энергия көздері 1000МВт электр энергиясын өндіру үшін әртүрлі алаңдарды қажет етеді. Мәселен, жел электр станциясы – 60 000 гектар, күн электр станциясы – 15 000 гектар, су электр станциясы – 400 000 гектар, ал, АЭС-ке осынша мөлшерде қуат көзін өндіру үшін бар болғаны 400 гектар жер қажет.

уран кен орындарының ресурстық және өндірістік базасының әлеуетін ұтымды және кешенді пайдалану.

Жер ресурстарын ұтымды пайдалану. АЭС көп көлемде жер талап етпейді. Салыстырмалы түрде қарасақ: түрлі энергия көздері 1000МВт электр энергиясын өндіру үшін әртүрлі алаңдарды қажет етеді. Мәселен, жел электр станциясы – 60 000

Жалпы, АЭС-те су жабық жүйеде айналады, онда пайдаланылған бу конденсацияланып, қайтадан пайдаланылады.

Асуан СИЯБЕКОВ,
«Қазақстандық атом электр станциялары»
ЖШС жетекші инженері



Жаңа қазандық жауратпайды

Саран жұрты үшін жылудың жырына нүкте қойылатын күн жақындап қалды. Жасырмаймыз, мұндағы орталық қазандықтың құрылысы ұзаққа созылды. Енді ел күткен қазандық қаланы «қайнатады». Айта кеткеніміз жөн, аймағымыздағы басқа аудан, қалаларда да жылыту маусымына дайындық ұтымды ұйымдастырылып келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев энергетика инфрақұрылымын, оның қуатын үдету қажеттігін айтып, үнемі назарында ұстап отыр.

Қасымхан БҰРҚИТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алты ай қысы бар Арканың қысқы маусымға дайындығы қауыр. Әсіресе, өндірістік әлеуеті артқан Саран қаласының қысқа қамданысы тас-түйін. Бұрын мұндағы көпқабатты үйлер мен әлеуметтік-өнеркәсіптік кәсіпорындарды жиырмаға шамалас шағын қазандық арқылы жылытылып келген. Қаптаған ескі қазандықтың мұржасынан шыққан қара түгін қаланы «қарайтып», ауасын ластайтын. Мамандар әбден тозығы жеткен жерлерді жамап, жасқаған еді. Енді қала мен бұрынғы Резина-техникалық бұйымдар зауытының аралығына, яғни, ашық алаңқайда салынған жаңа нысаннан жылу тарайды.

Жылыту қазандығының жалпы алаңы 10 722 шаршы метрді алып жатыр. Мұнда бас корпус, отын босату галереясы, ұнтақтау және көмір қабылдау бөлімшелері, қосалқы жөндеу цехы, алаңишілік кәріз тораптары, әкімшілік-тұрмыстық кешен мен өрт сөндіру депосы ғимараты бар.

Жаңа қазандық қаланың 80 пайызын жылумен қамтиды. Қазіргі уақытта сынақ режимінен өтіп жатыр. Төрт қазандық іске қосылды. Мұнымен қоса, қысқы отынды қамдап, көмір сатып алып жатыр.

– Жалпы жаңа жылыту қазандығына 264 көппатерлі тұрғын үй мен 46 әлеуметтік нысанды қосамыз. Біз қазандықты іске қосуды әр кезеңге бөлдік. Биыл екі кезең. Келесі жылы үшінші кезең қосылады. Бұл – «Горняк» шағынауданы, Абай көшесі. Бұл

Жаңа қазандық энергияны үнемдейді. Температурасы төмен, қайнайтын қабат технологиясымен салынған дейді мамандар. Бұл көмір отынын талғамайды. Кез келген түрін жағады әрі отынды үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал бұл дегеніңіз, тариф үшін тиімді. Мұндай қазандық еліміз бойынша екеу екен. Екеуі де – өзіміздің өңірде, Шахан мен Саранда.

жақтағы үйлерде мүлдем орталық жылу болған жоқ. Енді үйге жылу құбырын тарту керек. Осы мәселені келер жылы қолға аламыз. Орталық жылу қазандығының жобалық қуаты – 130 Гкал. Қала бұған дейін 54 Гкал тұтынып келген. Жылыту маусымына біз екі қазандықпен кірісеміз. Ал екеуін резервте ұстаймыз. Тариф құны бұрынғыша қалады. Қазандықтардың барлығы техникалық тексеруден өткен. Ақауы бар тұстары табылды. Құбырлар қысқа уақыт ішінде жаңасына ауыстырылып жатыр. Қазір бұл бағыттағы жұмысты жобалап қалдық, – дейді Саран қаласының әкімі Еркін Баулықов.

Қазандықтың барлығы техникалық тексерістен ойдағыдай өткен. Мұны қала әкімі де айта өтті. Автоматикасының, жылу техникасының, энергетика мен химиялық су тазартуының қалай жұмыс істейтінін мұқият бақылаған. «Сарантеплосервис» ЖШС бас директоры Асылбек Төкенов бұл шаралардың жылыту маусымы кезінде қауіп-қатерді болдырмау үшін ауадай қажеттігін айтады.

– Өзірге толық циклге жете алмаймыз. Себебі, күн райы жылы. Ауа температурасы минус 6-8 градусты көрсеткенде орталық тарату пункттеріне жылу

жібереді. Сол жерден үйлерге тарайды. Суды тазарту үшін химреагенттер сатып алдық, қазір көмір түсіріп жатырмыз, – дейді «Сарантеплосервис» ЖШС бас директоры Асылбек Төкенов.

Жаңа қазандық энергияны үнемдейді. Температурасы төмен, қайнайтын қабат технологиясымен салынған дейді мамандар. Бұл көмір отынын талғамайды. Кез келген түрін жағады әрі отынды үнемдеуге мүмкіндік береді. Ал бұл дегеніңіз, тариф үшін тиімді. Мұндай қазандық еліміз бойынша екеу екен. Екеуі де – өзіміздің өңірде, Шахан мен Саранда.

Мұнымен қоса, жылыту орталығында қазандық аумағын ластамау үшін отын қалдығын шығаратын арнайы полигон бар. Зиянды затты тұндыратын газ құбырлары да дайын.

Қаланы бұрын жылытып келген жиырма қазандық резервте болады. Оларды да қысқа қамдап жатыр. Техникалық тексеріс, керек-жарағын қамдап. Өзірге қаланың пеш жағатын екі шағынауданына жылу осы қазандықтар таратады. Келер жылы көшеге, үйге жылу құбырлары тартылып барып, орталық қазандыққа қосылады.

Қазір тұрғын үй инспекция-



Президент тапсырмасын орындай отырып...

сының мамандары әр үйдің жылу құбырын тексеріп, түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жүр. Мұнымен қоса, жаңа жылыту қазандығы 70 адамды жұмыспен жарылқап тұр. Мұнда қаланың бұрынғы қазандығында істеп келгендер де, жаңадан қабылданғандар да бар. Барлығы жаңа қазандықтың қыр-сырын меңгеру үшін арнайы оқыған. Келер жылы орталық қазандықтың жанынан кадрлар даярлау үшін оқу орталығын құру көзделіп отыр.

Сонымен, сарандықтар сарғая күткен жаңа қазандық қалаға қыз-қыз жылу ғана емес, инфрақұрылымын жаңартып, игілік әкеліп отыр. Облысымыздың басқа өңірлерінде де жұмыс кешігіп емес, кестеге сай жүріп жатыр.

– Мемлекет басшысының облыс бойынша тапсырмасына сәйкес жылумен жабдықтау желілеріне техникалық тексеру жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Бүгінде тексеру Қарағанды, Приозерск, Саран және Абай қалаларында жүргізілді. Балқаш, Теміртау және Шахтинск қалаларында жұмыс жалғасуда. Оларды осы айдың соңына дейін аяқтау қажет, – дейді облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ербол Төлеуов.

САРАН

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ



«QazTehna»: заманауи зауыт, серпілген Саран

(Соңы. Басы 1-бетте).

Мұндағы жеті жүзден асатын жұмысшылардың жетпіс пайызы Саран қаласының жергілікті тұрғындары. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кейінгі Жолдауында Саранда өндіріс орындарының іске қосылып, соның арқасында елдімекеннің монокалалар санатынан шығарылғанына тоқталып, осы тәжірибені қолдану қажеттігін үлгі еткен еді. Бұған «QazTehna» ЖШС-нің тигізіп отырған үлесі үлкен.

Автобус құрастыру зауыты – Индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында жүзеге асқан жоба. Бір бөлігін «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қаржыландырды. Яғни құны 11,9 млрд теңге болатын жобаға қор 6,2 млрд теңге құйды. 5 пайызбен берілген несие 10 жыл ішінде қайтуы тиіс. Ал, 5,7 млрд теңге – инвестордың үлесі. Серіктесі – әлемдегі ең ірі автобус өндіретін Yutong компаниясы.

Алғашында қала ішіндегі, қалаларалық маршруттарды, балалар автобусын шығаратын зауыттың өрісі бүгінде кеңейген. Қазір туристерге арналған автобусты, кез келген жүк көлігін құрастырады. Енді елдегі кәсіпорын, өндіріс ошақтары жүк көлігін ат арытып алыстан тасымалдайды. Қалтасын қаптайтын бағаға «QazTehna» ЖШС-нен алып, шаруасына жараатады.

Тұтынушы тарап тапсырыс берсе болды, қалағанындай әзірлеп беретін өндірістік қауқар бар. Бүгінгі күні олар «ҚазАвтоЖол ҰҚ» АҚ-ның қыста қар тазалайтын, құм төсейтін жүк көліктерін дайындап жатыр. Тіпті, өрт сөндіру көліктеріне дейін дайындап бере аламыз дейді.

«QazTehna» зауыты 2021 жылы 165 автобус, 2022 жылы 568 техника, биылтыр 1579 техника құрастырса, биыл бұл жежені 1648-ге жеткіземіз дейді. Сәйкесінше зауытқа тапсырыс төпелеп түскен сайын жұмыс орны да ашылады. 2025 жылы мың адамға жұмыс береді. Бұл әлі QazTehna-ның өндірістік қуаттылығы толық іске қосылмады деген сөз. Қызметкер-



«QazTehna» зауыты 2021 жылы 165 автобус, 2022 жылы 568 техника, биылтыр 1579 техника құрастырса, биыл бұл жежені 1648-ге жеткіземіз дейді. Сәйкесінше зауытқа тапсырыс төпелеп түскен сайын жұмыс орны да ашылады. 2025 жылы мың адамға жұмыс береді. Бұл әлі QazTehna-ның өндірістік қуаттылығы толық іске қосылмады деген сөз. Қызметкерлер саны мыңға жеткенде жылына 1200 автобус пен 500 арнайы техника шығарады.



лер саны мыңға жеткенде жылына 1200 автобус пен 500 арнайы техника шығарады.

Кәсіпорын негізінен Оқу және ағарту министрлігімен шартқа отырған. Яғни, балаларды тасымалдау үшін мемлекеттік стандартқа сай келетін автобустарды шығарады. Өндіріс іске қосылғаннан бері зауыттан шыққан 428 балалар автобусы жолда жүр.

Зауыт кедергісіз жұмыс істеуі керек. Әр цехтағы жұмысшының атқаратын өзіндік міндеті бар. Бастысы мінсіз болу керек. Дәнекерлеу цехы, бояу цехы мен құрастыру цехындағы шаруа тартыр. Сағаттың тілі секілді үздіксіз қозғалыста. Алдымен автобустың қаңқасы дәнекерленеді. Осындай 18 бекет бар. Дәнекерлеушілер кондуктордың басынан кірген қаңқаға 8 кезең бойынша еден, қапталы мен төбесін бекітеді.

– Дәнекерлеу барысында металды қыздырып отырамыз. Қызған металдың бекітпесі сапалы шығады. Әйтпесе, біраздан кейін сынып кетуі мүмкін. Біздің цехтан шыққан қорап тексеріліп, бояу цехына жөнелтіледі, – дейді дәнекерлеу цехының шебері Евгений Терий.

Бояу цехында құрғату, бояу және тегістеп жылтырату камералары бар. Осы бір цехтан боянып, сырланып әдемі кейіпке енген қорап құрастыру цехына барады. Қозғалтқыш сынды бөліктері, барлық бөлшектері осында орнатылады. Рулі, орындықтары, жалпы

айтқанда, ішкі интерьері де жабдықталады.

Отандық өнеркәсіп отандық шикізатты тұтынуы керек деген талап бар. Аккумулятор, шина сияқты керек-жарақты елдегі өндірушілерден сатып алады. Мұнда жергілікті өнімді қадеге жарату-дың үлесі қырық пайызға жуықта-

ды. Алдағы уақытта құрастырылатын техниканың жарты бөлшегін отандық өнімнен тұтынамыз дейді зауыт басшылары.

– Толық құрастырылған автобус бірнеше тексеріс түрінен өтеді. Бұл үшін арнайы жабдықталған ғимарат қарастырылған. Тежегіші, жарық шамдары, білікке түсетін қысым, ауаға шығаратын газ мөлшері егжей-тегжейлі сыналады. Желдің, судың ішке өтпеуін тексереді. Еденнен су өтпеуін тексеретін арнайы хауыз қазылған. Ішіне 40 см денгейінде су құйылған. Автобус осы сумен сағатына 25 шақырым жылдамдықпен жүріп өтеді. Аргы жағаға шыққан-

Зауытқа дәнекерлеуші, автослесарь мамандығы бойынша жұмысшылар қажет. Мұнда маман дайындауға айрықша көңіл бөлінеді. Облыс бойынша бірнеше колледжбен дуальді білім беру жөнінде келісім жасалған. Студенттер зауытқа келіп, теориядағы білімін тәжірибемен ұштастырады. Өндірістік тәжірибеде өзін үздік көрсеткен студенттерді зауытқа жұмысқа тартады. Мұнымен қоса, кәсіпорынның корпоративтік университетінде қызметкерлердің санатын көтереді, өндіріс басшыларын оқытады, өндірістік бағыттар бойынша кадрлар даярлайды.

– Мен зауытқа қатардағы слесарь ретінде қабылдандым. Өндіріспен қатар өсіп, өркендеп келемін десем де болады. Ұтымды тәжірибе жинадым. Зауытта жаңадан келушілерге корпоратив университеті жұмыс істейді. Онда білімді толықтырып қана қоймай, өнеркәсіптің сан қырлы құпиясын үйреніп, білуге болады. Өзімді жетілдірудің арқасында жарты жыл бойы электр машинасын жүргізуді қосымша үйреніп алдым, – дейді жас маман, «QazTehna» ЖШС құрастыру цехының шебері Нияз Тұрсынов.

Ұжымның жетпіс пайызы Саран тұрғындары екенін жоғарыда айта кеттік. Тоқырау жылдарында тұралап, кейін тоз-тозы шыққан зауыттың тамырына қайта қан жүгірді. Зауытпен бірге Саран қаласы да қайта қайратын жинады.

«Автокөлік құрастыру ісінде оң нәтижелер бар. Осы қарқынды сақтап, жергілікті өндіріс көлемін ұдайы арттыру керек. Мемлекеттің автокөлік өнеркәсібіне көрсетіп жатқан жан-жақты қолдауы түптің түбінде толыққанды автокөлік құрастыру кластері ретінде елдің игілігіне айналуы қажет», – деді Президент Жолдауында. Зауыттың мақсаты да сол – отандық автопаркті толық жаңартып болған соң экспортқа шығу. ЕАЭО құрамындағы өзге де елдермен келіссөздер жүргізіліп жатыр.

Суреттер кәсіпорынның баспасөз қызметінен

Рухани құндылықтың қарашаңырағы



Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының тарихы тым әріде. Сонау жылдары екі мыңға жуық кітап қорымен басталған кітапханада қазір 400 мыңнан астам кітап бар. Талай жастың таным көмекшігін кеңейтіп, рухани нәр берген қарашаңырақ бүгінде заман ағымымен қатар жұмыс істеп келеді. Биыл сол кітапханаға – 90 жыл.

Облыстық мәдениет және құжаттама басқармасының мұрындық болуымен кітапхана тойы дүркіреп өтті. 90 жылдығын мерекелеу аясындағы іс-шаралар екі күнге жоспарланып, жақын шетелдерден кітапхана басшылары мен мамандары арнайы шақыртылған. Одан бөлек, аймақтағы күллі кітапхана басшыларымен қатар, Астана, Алматы қаласынан да келді. Мерейтойға ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы да келіп, ұжымға жылы лебізін білдірді.

Мерейтой аясында ҚР Ұлттық кітапханасының директоры, Қазақстандық Кітапханалық одағының төрағасы Бақытжамал Оспанова облыстық әмбебап кітапхана директоры Айнұр Шаймұханбетованы «Қазақстанның үздік кітапханашысы» төсбелгісімен марапаттады. Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі басқармасының басшысы Алмаз Мырзахмет облыс кітапханаларын дамыту бөлімінің басшысы Айгүл Қарашоваға «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісін табыстады.



Баалаваның құттықтау хатын жеткізді.

– Кітапханашылардың еңбегі ерен! Облыстық кітапханашы құрамының ізденісі мен бастамасы, қажымас еңбегі – зор құрметке лайық. Кітапхана ұжымына толағай табыс, шығармашылық жетістік, баянды бастама тілейміз. Облыстың мәдени, тарихи мұрасын сақтау және дамыту жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!, – делінген құттықтау хатта.

AMANAT партиясының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков те ізгі тілегін жаудырып кетті.

– Оқырман сұранысын толық қанағаттандырып, өзінің құндылығын жоғалтпай, заманға сай жаңғырып, оқырманмен біте қайнасып, қызметін жаңа жүйе-

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара басы «Қарағанды09: еркін диалог аймағы» халықаралық OpenTalk брифингімен басталды. Бұл бөлімде келген қонақтарға арнайы сөз беріп, сый-сияпат көрсетті. Шара шымылдығын басқарма басшысы Еркебұлан Жұмакенов түріп, әріптестерін айтулы мерекемен құттықтады.

– Бұл рухани орда облысымыздың бас кітапханасына айналды. Жылдан-жылға кітапхана өз қызметін кеңейтіп, әлеуметтік-мәдени, ақпараттық және білім беру орталығы ретінде дамып келеді. Бұл мереке тек біздің облыстың мәдениеті үшін ғана емес, республика үшін де маңызды және айтулы дата екені сөзсіз. Сондықтан, баршаңызды осы айтулы мерекемен шын жүректен құттықтаймын, – деді.

Бүгінде кітапхана қорында

400 мыңнан астам кітап қоры бар десек, оның 70 мыңы мемлекеттік тілдегі кітаптар. Солардың қатарында XVII ғасырдың соңынан бастап жарыққа шыққан екі мыңнан астамы сирек кітаптар қоры бар. Қазіргі таңда олар арнайы қорда сақталған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Кітапхана ісін дамытуға бейжай қарауға болмайтынын» баса айтқан болатын. Осындай құнды дүниелерді халыққа ұсыну мақсатында кітап қоры бірыңғай сандық форматқа көшірілуде. Ал, кітапхана оқырмандарының басым бөлігі – жастар. Мамандардың сөзіне сүйенсек, жылына 23 мыңнан астам оқырман тіркелетін көрінеді.

Кітап ісі басқармасының басшысы Алмаз Мырзахмет кітапхананың «Жыр жауһар» поэзия клубының белді мүшесі болған. Өзі осы шараға арнайы келіп, Мәдениет және ақпарат министрі Анда



мен жалғастырып келеді. Киелі орданың тіршілігіне жан беріп, ұлттық құндылықтарды адамзат бойына сіңіруге себепкер болып отырған кітапханашылардың еңбегі қашан да мәртебелі дер едім. Көзге көрінбей халықтың рухын көтеріп келе жатқан кітапханашы еңбегі нағыз насихат құралы, идеологиялық құрал екенін көпшілігі ескере бермейді. Осының бәрі сіздердің еңбектеріңіз, құрметті кітапханашылар. Біздің өңірде, мәдениет саласында – үлкен той. Шаң жұтып жүріп елге ең құнды дүниесін ұсынып жүрген сіздер – мен үшін де, ел үшін де әулиесіздер, – деді Бекзат Қомарұлы.

Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Жанат Жаңқашұлы да шараға арнайы қатысып, одақ төрағасы Мереке Күлленовтің құттықтау хатын табыстады. Онда:

– Бұл кітапхана – Қазақстандағы өзге кітапхана мен ұйымдары үшін шабыт көзі. Қарағандының қарашаңырағы атанған кітапха-

рын жедел алғысы келеді. Яғни, кітапханаға оқырман тарапынан қойылатын талаптар саны жыл өткен сайын артып келеді. Оқырмандарды тарту үшін оларға пайдасы тиюі, жұмыс істеуге қолайлы жағдай жасау үшін жұмыс жасауымыз қажет. Кітапхананың оқырман талабына сай болмауына құқығы жоқ. Айта кету керек, қазіргі оқырман кітапханадан абонементтер де және оқу залдарында көрсетілетін көмек түрін бұрынғысынша емес, жаңа заманауи құралдар арқылы алғысы келеді. Ал, бәріміз осы мәселелер үшін күресуіміз қажет, – деді Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапханасының директоры Баршагүл Байжанова.

Қазақстандық Кітапханалық одағының төрағасы Бақытжамал Оспанова өз сөзінде:

– Біз кітапханалар жұмысын насихаттап, тақырыптық дәрістерден бастап бұқаралық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізіп келеміз. Бірақ, алуандылық болу

үшін кітапханалардың ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастық қарым-қатынаста болуы қажет. Яғни, кітапхана жұмысының тиімділігі, сапалық және сандық көрсеткішке аса мән беру – басты талап. Осы мақсатта әлі де бірқатар жұмыстар атқарылуы керек. Бұл – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі. Егер біз азаматтарға қажетті дүниелерін тауып бере алмасақ, кітапхана әлеуетінің қандай екені көрінеді. Бүгінгі таңда «кітапхана өткеннің еншісінде қалған дүние» деген пікірлерді көп естіп жатамыз. Ия, қазір компьютер, интернет бар. Бірақ, бұлар кітапхананың орнын баса алмайды. Керісінше, кітапхана жұмысын жаңа қырынан көрсетеді. Жалпы, кітапхана өз-өзін дамыту орталығына айналдыру қажет, – деді.

Жиынға қатысушы ақын-жазушылар цифрлық оқу дәуірінде «жазушы – оқырман» диалогы қалай дамитыны және оқырман пікірлері жайында өз ойларымен бөлісті. Атап өтсек, белгілі жазушы Өмір Кәріптегі автордың шығарған кітабына билік, ақпараттық кеңістік жағынан ешқандай қолдау, насихат жұмыстарының жүргізілмейтінін жөнінде айтты. Одан бөлек, қазіргі уақытта кітапхана қорында шет ел әдебиетінен аударылған дүниелердің аздығы да сөз болды. Аудармашылардың мәселесі де осы жерде пысықталды.

– Кітапхана ішінен құрылған «Жыр жауһар» клубына да 20 жылға жуықтады. Жастардың бұл клубы Қарағанды руханиятына, шығармашылыққа зор ықпал етті. Қазір сол шығармашылық ортадан шыққан жастар үлкен қызмет орындарында отыр. Жалпы, Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына дауылаз ақын Қасым Аманжоловтың есімін беру қажет. Және Қарағандыдағы кейіннен ашылған «Қасым үйінен» кітапхананың филиалын ашу керек, – деді Серік Ақсұңқарұлы.

Одан кейін кітапхана ғимаратында экскурсия өтті. Экскурсия барысында қонақтарға сирек кездесетін кітап қорын көрсетті. Жұмыс барысында таныстырып, кітапхана қорынан аз-кем мағлұмат берді. Соңғы күні шетелдік әріптестермен шығармашылық байланысты нығайту мақсатында екіжақты меморандумға қол қойды.

– Қарағанды – танымал қала. Осы жиынның алдында Теміртау қаласындағы музейге барып қайттық. Тұнып тұрған тарих. Ал, Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап кітапханасы Халықаралық дәрежедегі кітапхана. Көптеген Халықаралық көрмелерге қатысып келеді. кітапханаға кірсеңіз, жаныңыз жай табады екен. Аура-сы керемет. Әрі қоры да мол. Меморандум аясында тәжірибе алмасып, бар білгенімізбен бөлісеміз. Достығымыз одан әрі нығая берсін, – деді Ресей жасөспірім мемлекеттік кітапханасының директоры Ирина Михнова.

Суреттер
ұйымдастырушылардан

• ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 800 ЖЫЛ

Экспедицияға аттанды

Жошы ұлысының құрылғанына 800 жыл толуына орай облыстық тарихи-өлкетану мұражайы «Талас-Ұлытау-Сарайшық» республикалық тарихи-этнографиялық экспедициясын ұйымдастырды. Оған тарихшы-ғалым, географ, өлкетанушы, журналист-блогерлер, Ұлттық музейдің, Жамбыл, Атырау, Қарағанды облыстары тарихи-өлкетану музейлерінің қызметкерлері, студенттер, суретшілер және түсірілмді тобы аттанды.

– Мақсаты, ауқымы, деңгейі бойынша да мен үшін бұл – алғашқы экспедиция. Мемлекеттілігіміздің бастауларымен, тарихи және қасиетті ескерткіштер хәм киелі орындармен байланыста болудан, ғылымның адамдарымен кездесуден ерекше әсер аламын. Өзіммен бірге сапарға жақсы көңіл күй мен нотаға арналған дәптер аламын, – деп бөлісті өлкетанушы және Жошы ханның ұрпағы Асылбек Алтынов.

Экспедиция ұлттық құндылықтарды насихаттаудан, жас ұрпақты рухани және материалдық мәдениетке баулудан, тарихи туризмді дамытудан басқа, еліміздің аумағындағы мұражайларының арасында бекем байланыс орнатуды көздейді. Шара І қазанда аяқталады деп жоспарланып отыр.

– Бұл – екінші экспедициямыз. Біріншісі аймақтық деңгейде болды. Енді экспедиция

географиясы аумағын кеңейтіп, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда және Атырау облыстарының тарихи орындарына Жошы ұлысы мен Алтын Орда кезеңіне жататын ескерткіштерге барамыз. Жошы ұлысының ескерткіштерін талдаумен айналысатын ғалымдармен және жұртшылықпен кездесеміз. Бізге жергілікті жерлерде қандай зерттеулердің жүргізіліп жатқанын білу аса маңызды, – деп атап өтті облыстық тарихи-өлкетану мұражайының директоры Ержан Нұрмағамбетов.

Экспедиция бағытына «Тектұрмас» этно-тарихи кешені, ежелгі Тараз Әлем қалашығы, Қарахан кесенесі, Жәнібек пен Керей хандары ескерткіші, Айша бибі, Арыстан баб, Қожа Ахмет Ясауи

кесенелері және басқа да тарихи, қасиетті нысандар, керуен сарайы, Сығанақ қалашығы, «Қорқыт ата» мемориалдық кешені арқылы өтеді, «Сарайшық» туристік орталығы (Хан пантеоны), Сарайшық қалашығы, «Абат-Байтақ» кесенесі, «Жошы хан» тарихи-мәдени кешені, Домбауыл және Алаш хан кесенелері кіреді.

Экспедицияның қорытындысы бойынша туристік бағытты арттыру туралы ұсыныстар әзірленбек. Ақпараттық фотоальбом, танымдық аудио және бейнежазбалар шығару және ғалымдар мен мамандардың сұхбатына негізделген деректі фильм түсіру жоспарланған.

Бұдан бөлек, Астанада әлемдік тарихта Жошы ұлысының киелі



Сурет облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының

орындары мен тарихи нысандарын сақтау, зерттеу, насихаттау мәселелері бойынша «Талас-Ұлытау-Сарайшық» атты тақырыптық мұражай көрмелері мен дөңгелек үстел өтеді.

Ауқымды шара облыс әкімді-

гінің және облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен ұйымдастырылып отырғанын атап өткен жөн.

Өз тіршімізден



Софы СМАТАЕВ

Дархан дарын

Халқымызды ән әдiлеп, күй тербетiп келгенi ақиқат. Қа-
зактың кеудесiнен күй төгiлiп, көмейiнен ән ақтарылып жата-
тыны содан ғана десек, онда ең алдымен ұлтымызды әлiмсақтан
әсем әуен, тәттi сазбен ауыздандырған бұлбұл әншiлерiмiз бен
дүлдүл күйшiлерiмiздiң алдындағы перзенттiк борышымыз бен
парызымызды ұмытпағанымыз жөн. Ғасырлар қойнауынан
көне тарихымыздың мәңгi жоғалмас сәлем-хатындай, үзi-
па-назындай ұлтымыздың кейде күмiлжiп, кейде құйқылжып
жететiн әндерi, кейде күнiренiп, кейде күмбiрлеп жететiн күйлерi
– рухани мол байлығымыз ғана емес, киелi қазынамыз. Өткен
заманнан бүгiнгi күнге алтын көпiр болып жеткен осынау мәде-
ни ұлы мұрамызға көрсетiлер құрмет әсем ән мен күмбiр күйге
ғана бағыштамай, сол әуен мен саздың жаратушы құдіреттерi –
сазгер-композиторлар мен әншi-күйшiлерге де тiкелей арналға-
ны керек-ау!...

Ел табынған жазушы! Немесе
жұрт iсiнген композитор! Творче-
ство адамына осы асыл атаулардан
қадiрлi ешнәрсе жоқ деп ойлаушы
едiм. Соңғы кездерде мына нарық
дейтiн парықсыздықтың құрығы
қыл мойынға тұншықтырып оралға-
лы ол ойымнан мүлде арылдым, өй-
ткенi сананы тұрмыс билеп те, жүн-
дес бiлегiмен илеп те жатқан қазiргi
бас не жоқ дөйексiз заманда кеудендi
тiк ұстайтын бұрынғы «жазушы»,
«сазгер» дейтiн қасиеттi ат-атауың
алдыра қалғандай-ау. Күн сайын тө-
беннен тоқпактайтын жүгенi сыпы-
рылған тiршiлiктiң жалы тұрмақ,
сауырына да саусақ тигiзе алмайтын
жаюу, жалаңаш, қайыршыға бергiсiз
күйiң тәнiрдей өр зор көкiрегiндi
көрөкiрек етiп, жiгерлi жанарыңды
жасқаншақтата жасауратып қойса,
қай құдіретке мұң шағарсың. Ком-
позитор – құдірет едi. Бұрын болған
едi. Жазушы – жасаған хақпен бiр-
дей едi. Бұрын бiрдей едi. Бүгiн ендi
олар алыпсатар – құдірет, акционер
– құдірет, шенеунiк – құдірет, депу-
тат – құдірет, әкiм – құдірет сияқты
«пысықтардың» қолына су құюға да
жарамай қалды.

перзенті болатыны хақ. Киелі топы-
рақтың қасиетті ұлдары көп бола-
ры даусыз десек, Арқа өңірі, оның
iшiнде, Орталық Қазақстан аумағы
– дарын мен таланттың шымырлап
қайнап шығар өзегi, шыңдалып суа-
рылып шығар көрiгi.
Дәлел керек пе?
Өрiдегi ұлы Тәтiмбет, шалқар
Шортанбай, күй күнiренткен Сай-
далы Сары Тоқа, Ықылас, Сембек,
Әбди, Қыздарбектер, берiдегi асқақ
Сәкен, алуын Әсет, арқалы Тайжан,
желяк Маясар, дүлдүл Шашубай,
сырбаз Сәрiнжiп – әрқайсысы бiр-
бір елдiң атын әлемге жар шайыт
иелерi. Ал осыған Сәкеннiң, Сы-
дықтың өзi шыр етiп дүниеге келген
шандырақтағы туған әкесi Мұхамед-
жан мен анасы Ақборықтың ән-
шi-әуенгершiлiгiн қоссақ, тал бесi-
гiндегi алғашқы iнгесiмен ертеңгi
ел бесiктi ән-күйiмен тербетер ұлы
сазгердiң киелi топырақтан күй несi
боп, жаратушы құдірет-болмыстың
қуәлiк таңбасымен туғанына шөк
келтiрмейсiз.
Екiншiден, Арқаның сал-серiлiк
дәстүрiн сақтап қалған бұл өңiр
сан салалы өнердiң тоғысқан сәттi

*Бір сөзбен айтқанда дауыл – пенде мен пайғамбар
аралығындағы биік мақсұтты тірлік иесін жаңа белеске
көтерер, сенім мен таным құбылысын өзгертіп, ұмыр-
лық бағыт-бағдарламасын анықтап нұсқар аз сәттік
құдіретті құбылыс. «Дауыл» симфониясының айтары –
осы төңірек. Өзгерген заманның өскелең арманы мен асыл
мұраты азаматты да асқарға шығарып, ой-санасын ас-
папатып әкететінін айғақтайды ол.*

Себебі халқымыздың өз ішінен
ерекшеленіп туған, құдіреттеніп
дараланған өнер иелеріне жасалар
құрметімізді бүгінде жеті қабат әгер
астына көміп тастады. Жоғарыда
отырғандардың туысқандарынан
басқа есімдері ерекше аталуға тиіс
ұлы Азаматтарымызға арналар сүй-
іспеншілігімізден баз кештіг.

Сөзімді енді дәлелдермен тұжы-
рымдап кетейін.

Сыдық Мұхамеджанов! Осы ұлы
есім аталған сәтінде жұмыр жердің
үстіндегі ісі қазақ баласы ішкен
асын жерге қоярына күмәнім жоқ.
Ал Сәкенді бұрынғы КСРО, бүгін-
гі Еуропа, сонау мұхиттың арғы
бетіндегі Америка білетіндігіне сол
елдерде үздіксіз ойналатын айтулы
шығармалары куә. Солай десек, ұлы
композитор – Арқа түлегі, Қараған-
ды азаматы, Киік перзенті Сыдық
Мұхамеджановтың аты естілгенде
жүрегің күй тербеткен, бірақ чи-
новниктік мерезі жоқ бүкіл адам-
зат бір тебіреніп алары сөзсіз. Саз
құдіретін ауыздықтап, әуез қасиетін
тұла бойынан тұма бұлақтай мөл-
діретін төгетін, өнер сүйгіш жанның
көкірегіне әуен мен күйдің жылы
толқыны әнiзгетiн аса дарын иесi
Сәкен жаратушы табиғаттай, немесе
болмыс-құдіреттің өзіндей еді.

Арқаның қасиетті топырағынан
жаралып, Үлкенбұлақ суында шо-
мылып, Оңтүстік өңірінде өскен Сы-
дық аға жаймашуақ Жетісудың арғы
бөктерінен есетін самалдай жайдары
әуендері мен Сарыарқаның түпсіз
түнғыық әңгірлеріне шанышпа самғайып
шын асқақ әндерімен ауызданып
өскендіктен, шынайы өнердің асыл
әрі мен дәмді нәрі мол екенін ерте
анғанар. Жастайынан ерте iзденiп,
творчестволық жолдың ыстығы мен
суығын өзгелерден гөрi басымдық
көргендіктен, айтулы өнер қайрат-
кері болып тез-ақ қалыптасқан еді.

«Ал Сыдық Мұхамеджановтың
осыныша шебер, осынша құдірет иесі
бола білуінің тамыры неде? Бастауы
қайда? Негізінде қандай құдірет жа-
тыр? Асыл тегінің бәсі қанша?» дей-
тін сұрақтар еріксіз туындайтыны
ақиқат нәрсе.

Енді соларды таратып беруге
әркет жасап көрейік.

Қандай дарын болса да, ең ал-
дымен ол өзі жаралған топырақтың

тұсына жататындығына баса на-
зар аударған жөн сияқты. Өйткені
әнді ерттеп, күйді қосарлап мінген
Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса,
Ыбырай, Жарылғапберлі тәрізді
айдын-шалқарлардың тұнығынан
жүзіп ішкен бұл төңіректің өнерпаз-
дары түсетіндігі алып Абай, шексіз
Шәкәрім, теріскейіндегі ғұлама
Ыбырай, қазына Қазанғаштардан
тұтынса, Шу бойы мен Балқаш
көлінің арғы жақ беткейіндегі Ұлы
жүздің Үйсіні мен Жалайырының
Жамбылдай даңғылымен, Кенен-
дей кенімен, Орта жүздің Най-
манының Молықбайдай дәулескер
қобызшыларымен қойындысып жа-
татын. Жыр қыстап, ән жайлаған,
саз қонақтап, әуен түнген бұл ай-
мақтың осындай шадыман дәстүрін
ән-әуезге барынша әуес отызыншы
жылдардың жас қаласы – Балқаш
айрықша түлеткен еді. Өткенді түгел
мансұқтап, бұрынғының бәрін
бүгінгінің құрбандығына шалуға
дайын тұратын айнығыш, ойнама-
лы, жезөкше саясатшылығымызды
сәл бүркей тұрсақ, онда шын мәнін-
дегі социалды құрылыс дәуірінің
халықтың мәдениеті мен тұрмысы-
на кәдімгідей үлкен ықпал жасаға-
нын жасырып ұстай алмамыз
хақ. Өндірістік жас қала сол кездің
өзінде-ақ өмірлік құрылыстарға сай
әлеуметтік құбылыстарды да қазақ
арасына, қазақ даласына көбірек
әкелген-ді. Сол жас қаланың көркем-
өнерпаздарының ойын-сауықтары
– болашақ ұлы композитордың ең
алғашқы кәсіби мектебінің алғашқы
баспалдақтары болып еді.

Өрiне өнер жолын – даңғыл жол
деп ешкiм атамайтыны ақиқат болса,
әсiресе Сыдық аға Мұхамеджанов-
тың үйрену, өсу, iздену, шарықтау,
кемелдену, көркею, кенею кездерi
әртүрлi қиындықтар мен кедергiлер-
ге мол болғанына замандастары ба-
рыныша қанық.

Сыдықтың өнер жолының
алғашқы iзiн өзiнiң замандас қазақ
композиторлары тәрiздi ән мен ро-
манс жанрынан бастағанын айтсақ,
пәни жалғанның қызулы жастық
жәрменкесiнде бiр-бiрiне жалын-
дай ұмтылған екi жастың жүрек
лүпiлiнiң мәңгi алаутүлiндеi өшпей-
тiн, солмайтын символдық белгiсi –
«Жарқ етпес қара көңiлiм не қылса



Коллажы жасаған А.Рысқалиев

даны» ең алдымен ауызға алар едік.
Ауызға алар едік те, биікпен биік
қана таласа алар, ұлыға ұлы ғана
жанаса алар өмір заңын алдымызға
тосқан Абай мен Сыдық көңіл-
дерінің толқыны тоғысқан, ұлы Абай
мен үлкен Сыдықтың жүрек шар-
пысулары араласқан осы ән-роман-
стың мәңгілік сұлулығына, мәңгілік
ғашық жанның үзіліп шыққан жа-
лын лебінің отты қызуына, сүйіскен
жандардың сертке берік адалдығына
бек риза болып, желді күнгі Арқа-
ны күлте құйрық селеуіндей қай-
та-қайта бас изер едік. «Тербеледі
тың дала», «Шофер әні», «Әйтеуір
сол қыз бір сұлу», «Шолпаным» си-
яқты әсем де әдемі әндерді шығарған
Сыдық Абай сөздеріне жазылған бір
топ сұлу романстарымен халқының
жүрегінен өз орнын ойып алған
еді. Тәжірибесі толысқан, ой-өрісі
кеңейген, шабыт серпіні күшейген
кезде тағы да алғашқылардың бірі
боп жалын жүрек сазгер симфония-
лы шығармалар жазуға батыл бет
бұрып, ең алғашқы «Шаттық Ота-
ны» деп аталатын симфониялы күйі-
імен Қазақстанның симфония көші
бастап-ақ кетіп еді-ау. Сол симфони-
ялы күй республикамыздың музыка-
лық эмблемасы, әуездік айшық таң-
басы ретінде Құрманғазы атындағы
қазақ мемлекеттік академиялық ха-
лық аспаптар оркестрінде қырық бес
жылдан астам уақыт ойналып, Қа-
зақстанды, қазақ өнерін күні бүгінге
дейін бүкіл әлемнің бар түпкірінде
таныстырып, табыстырып келе жа-
тыр.

Авторына Қазақ ССР Мемле-
кеттік сыйлығын әперген «Дауыл»
симфониясының жалпы қазақ музы-
ка өнерінде алар орны ерекше. Төрт
бөлімнен құралатын симфонияның
«Дауыл» аталуында да айрықша
мән бар. Тұнып қалған ойды, тұрып
қалған бой

• ҚҰРМЕТ

Еңбегі ерен аға

Еңбегі заманында еленген. Бүгінде ауыл үлкендерінің ғана есінде бар азамат, Қарой ауылының іргесін қалауға елеулі үлесін қосқан Қабыкен Әбдіғалиұлы Әбдіғалиев туралы сыр шертпекпін.

Қабыкен Әбдіғалиев 1927 жылы 1 қаңтарда Қарағанды облысы, Нұра ауданы қазіргі Қарой ауылында дүниеге келген. 14 жасында Ұлы Отан соғысы басталды, балалық шағын соғыс ұрлаған көп баланың бірі болып ауылда, тылдағы ауыр еңбекке ерте араласты. Әкесі 1941 жылы Отанды қорғауға соғыс даласына аттанса, бұл уақытта Қабекең анасынан айырылғанна 5 жылдың жүзі болған еді. Баламын демеді. Ауылда қалған әйел азаматшалармен тең еңбек етті. Майданға аттанған ерлердің орнын басып, ауылшаруашылық техникаларын тізгіндеді. Әкесінің ұрыс даласынан аман-есен келуін тілеп, механизаторлық еңбек жолын бастап кетті.

Жеңістің туы желбіреп, елге майдан даласынан оралған солдаттармен қатар Қабекеңнің әкесі де, кеудесіне ордендерін толтыра

Ұлы Жеңіспен бірге елге оралған болатын. Әкесінің елге оралып, отбасына тіреу болуы, Қабекеңнің еңбекке деген құлшынысын бірнеше есе арттырғандай еді. Бейбіт аспан астында елге деген қызметін аянбай атқарды. Ана тәрбиесін тоғыз жасына дейін ғана көрсе де, анасы Ракия Ысқакова «Парижская Коммуна» колхозының төрағасы қызметін атқарған болатын. Араға жылдар салып Қабекең де анасының еңбек жолын жалғастырып, «Путь Ленина» колхозынан бөлініп шыққан қазіргі Қарой ауылының басшысы қызметін атқарған болатын. Үлкендердің айтуы бойынша ол өзінің жары Камал Қамысбайқызы Қамысбаевамен бір шаңырақта тәрбиелеген сегіз баласымен қатар, соғыс жылдарынан соң енді есін жиып келе жатқан ауыл балаларының бөріне де зор қамқорлық көрсеткен мейірімді жан болған. Ауыл балаларының еңбекпен қатар оқу оқып, білім алып, өмірдегі өз жолдарын тауып кетуіне үлкен үлес қосқан азамат деп айтып отыратын.

Қабыкен Әбдіғалиев ағаның еңбегі еленіп, Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған Осы марапатпен қатар ағамыздың есімі КСРО Құрмет Қызыл кітабына енген болатын. Одан



бөлек «Отан майдангері», «Тың жерлерді игергені үшін» күміс медальдарымен, «Құрмет» грамоталарымен марапатталған.

Б.Ж.АБЕНОВА,
Нұра ауданы Қарой ауылының
кітапханашысы
№324

• ДІН – ДІҢГЕК

«Бейкүнә бейнедегі «бейтаныс»

Оқу жылы басталып, студенттер еліміздің әрбір түпкір-түпкірінен қалаға ағылуда. Туғаны бар бауырым деп үйіне, орын жеткені жатақханаға, қалғандары әртүрлі жалдамалы пәтерлерге орналасып жатыр. Студенттік шак неткен керемет десеңіші, ата-анаң бар жиған-тергенін саған беріп, дорба-дорба толған жейтін тамағы мен киімін, қалтана бар ақшасын салып, тек сен білім алып, оқып, сол бір «оқыды» деген қағазды алып, маман иесі болса екен деген арман-тілегі. Шынымен мұрнын қанайтындай жұмыс жоқ, тек уақыт бөліп, білім алып, жаман нәрсеге ұрынбай, ұстаздарыңды тыңдап, құрметтеп, достарыңмен қызықты уақыт өткізесін. Әрине, барлығының жағдайы бірдей емес, қосымша ақша тауып оқуымен бірге қатар алып жүрген балалар қандай керемет десеңіші?! Өмірдің ащы мен тұщысын жастайынан көрген бала қашанда еңбекқорлығы артып, мықты тұлға болып қалыптасады. Осы сынақтар мен сезімдер әрбір жанның басынан өткен керемет кездер деп артымызға қарап еске аламыз.

Өзім де университетті тәмамдап, қалада жұмыс жасағалы біраз жыл болыпты. Үй қымбат, әзірге өзім де үй жалдап тұрамын... Оқу жылы басталар шақта әлеуметтік желіге салған хабарламама бір қыз бала хабарласып, пәтер іздеп жатқандығын айтты. Қойылған талаптар мен шарттарға келісіп жатса, менің еш қарсылығым жоқ әрине, осылайша ол қыз үйге келді. Колледж студенті сабағымен қатар жұмыс жасап, спорт саласында да біраз жетістігі бар қыз дайындық залына да баратын көрінеді. Ақылына көркі сай, жан-жақты екен, көңілім толды...

Күндердің бір күні өзінің дінге қатты қызығушылық танытып жүргендігін айтты. Мүмкін менің орамал тағып, 5 уақыт намаз оқитыныма қарап өзінің діни сауатын ашқысы келген шығар, діни әдеби кітаптарын оқитынын айтты. Араласа келе дайындыққа баратын жерінде көп адамның дінге жақын екенін және де дай-

ындыққа келетін бір баланың анасымен жақын араласатынын білдім. Сөзіне қарасам діни тақырыптағы әңгімелерді сол кісіден естіп, туындаған сұрақтардың жауабын алады екен. Сол кісінің берген кітабын оқып, сауатын ашып жүрген екен. Мен де қызығушылық танытып кітапты ашып оқып, біраз зерттей бастадым. Себебі, неше түрлі белгісіз авторлардың кітаптары еркін таралып жатқан кез ғой.

Елімізде тыйым салынған ғалымдар мен кітаптардың аттарын да білемін. Қазақ «Соқыр тауыққа барлығы жем» деп, не көрсе соны ала бермей, төл тарихы мен дұрыстығын зерттеп қарайтын болған. Дәстүрлі дініміз қазақ даласына келместен бұрын да неше түрлі діни ағымдар мен сенімдер болған, бірақ атам қазақ әрдайым жаңа келгенді зерттеп, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ата-бабамыз салып кеткен дара жолдан таймас үшін, қоғамға зияны келмесін саралап, асыл дініміз Исламды қабылдап,

дұрыс және ақиқат екендіктеріне көздері жеткендіктен осы жолмен жүруде. Елімізге дін келгенімен қазақ ешқашан да қазақ екенін ұмытпаған. Себебі, дін ешқашан адамзатты жаман жолға бастап, тура жолдан адастырмаған, керісінше тура жолды көрсетіп, бастаушылардан бола білген.

Кітапты ақтарып, тексере келе бір түрлі күмәнмен қарай бастадым, көңілім толмады десем болады. Менің де айтарлықтай терең діни білімім жоқ еді. Рұқсат сұрап кітапты, діни басқармаға тексеріске апардым. Ішімдегі күмәнім сейілсін дегенім бе, ақиқатқа көз жеткізу керек болды.

Нәтижесі белгілі болды. Кітаптың авторы еліміздің аумағында тыйым салынған адамдардың бірі екен. Көңілімдегі күмәннің дұрыс болғанына іштей қуанғандай болдым, себебі, қыздың сөйлеген сөзімен, жасап жүрген іс-әрекеттерінен сескенгендігі болып жүр едім. Енді тек, үйге барып әңгімеміздің басын ашып, түсіндіру қажет.

Әрбір адамға өзінікінің қате, бұрыс екенін түсіндіріп, жеткізу қиынның қиыны. Соған қарамастан айту міндет болғандықтан, шындық айтылған дұрыс болатыны сөзсіз. Естігенді қабылдау ауыр болды. Себебі, деструктивті бағытты ұстанушы азаматшаның арбау процесі басталып кеткен екен. Жаңағы бетіме күліп қарап, әңгімеміз жарасып жүрген көрші қыздың теріс сөз сөйлеп, жат діни бағыттың жетегіне кеткендігіне куә болдым.

Үрімдей жас қыз баланың осындай сұмдық жағдайға тап болуы өте өкінішті. «Бұған кім кінәлі?» деген сұрақ туындайды екен. Ата-ана тәрбиесінде жоқ еді, мектеп пен колледж қабырғасында да бұндай жағдайға жол берілмейтіні хақ, өкінішті, арман қуып үлкен қалаға келгендегі қыздың осындай жағдайға тап болуы өте ауыр. Жекеменшік спорттық дайындалу клубына барып жүрген қыздың тағдыры осылай болары кім білген.

Сөздің расы, көрші қыз баламен діни көзқарас себебінен арақатынасымыз да бұзылды десе болады. Себебі, дәстүрлі дінді мойындамай, жат діни ағымның идеологиясын насихаттап, іс-әрекеттеріме киліге бастады. Өкінішті... жолымыз екіге бөлінгені дұрыс болар...

Жүре берсең, көре бересің дейтін еді ғой... Расымен де, солай екен...

Ойлаңызшы, бір ғана мысал-

дан бірнеше ой жүгіртуге болады. Қазіргі таңда жаһандық проблемаға айналып отырған түрлі діни экстремизм мен терроризмнің кеңінен таралып жатқандығын көруге болады. Әрбір адам көбіне өзі ізденіп, әлеуметтік желілерден түрлі белгісіз діни уағыз насихат жасаушы ғалымдардың бейне және аудиожазбаларын тыңдау арқылы көптеген бәлеге жолығып жатады. Баршамызға белгілі жат ағымның құрбаны боп қаншама қазақ отбасылары Сирия мемлекетіне дін үшін соғысқа аттанып, біразы қаза тауып, біразы 2019 жылы болған «Жусан» операциясымен елімізге қайтарылғандығы белгілі. Қандай өкінішті десеңізші, қаншама бала жетім, қаншама әйел жесір болды, көптегені түрлі жаракаттармен елге оралды.

Бұл тағдыр... адамның басынан не өтпейді деп қоямыз. Бірақ, әрбіріміздің тағдырымыз өз қолымызда. Жақсы өмір сүру де, жаман өмір сүру де өз таңдауы. Ата-анамыздың берген тәрбиесінен аттап неше түрлі жаманшылыққа барғанмыз ол кісілерге жасаған қиянат деп білеміз.

Тәрбие тал бесіктен деп бекер айтпаған қазақ, кез келген білім мен ілімнің иесі сол отбасынан бастау алу қажет екенін білген. Дәстүрлі дінді үйретіп, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты бойына сіңдіре білген адамды ешқандай жат діни ұғым сындыра алмас. Қазіргі ақпаратты даму заманын-

да отбасылық тәрбие әлсіреп, балаларымызды жастайынан ұялы телефон бағып, жасөспірім балаға әлеуметтік желі ақыл айтуды. Ащы шындық, бір сәтке баламның кіммен араласып, не көріп, немен айналысып жатқандығына дұрыс мән беріп қарап, қадағалау ата-ананың міндеті. Себебі, ержеткенде тәрбие беріп, қадағалау кеш болады. Баланың бойында гипербелсенділіктің артуы, агрессивтіліктің өрбуі, стресске төзімділіктің төмендеуі, суицид, отбасының бұзылуы, түрлі жат іс-әрекеттерге барып жатуының бір белгісі осы десек те болады.

Қазақта «Ел болам десең, бесігінді түзе» – деген бір жақсы сөз бар. Еліміздің дамуы, саналы ұрпақтың көп болуы, білімді азаматтарымыздың ел дамуына қосқан үлесінің артуы әрбір азамат үшін парыз деп білемін. Сонда ғана бір ел, бір ұлт болып түрлі теріс ұғымның еліміздің аумағына кіруінен сақтанатын боламыз деп ойлаймын.

Білімді болайық, сақ болайық, біздің елдің болашағы өз қолымызда.

Назым Сейтхановна
АЛПЫСБАЕВА,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрілігінің Республикалық
ақпараттық-түсіндіру
тобының мүшесі
д

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, АУКЦИОН !!!

«Банк ЦентрКредит» АҚ кепіл мүлкін сату бойынша голландия әдісімен сауда-саттық өткізеді

Р/б №	Объектінің атауы	Орналасқан жері	Кепіл мүлкінің сипаттамасы	Бастапқы бағасы	Кепілдік жарна 5%	Сауда-саттық өткізілетін күні	Сауда-саттық өткізілетін уақыт
1.	Кіріктірілген тұрғын емес үй-жай.	Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Бөкетов көш., 50/2 үй, 1-блок, 2-е.ж.	2022 ж.с. жалпы ауданы 514,8 ш.м. кіріктірілген жертелө тұрғын емес үй-жай. Қазіргі уақытта меншік иесі оны гипсокартон қалқалары мен есік панельдері бар ортақ дәлізден бөлек кабинеттері бар офистік үй-жай ретінде пайдаланады. Аула аумағы абағаттандырылған.	115 006 000 тенге	5 750 300 тенге	2024 жылғы 3 қазан	11 сағ. 00 мин.

Кепілдік жарна – бастапқы құн сомасының 5%-ы – 5 750 300 тенге.
Төмен түсу – бастапқы құн сомасының 3%-ы – 3 450 180 тенге.

Ең төменгі сату бағасы (-24%) – 87 404 560 тенге.
Аукционға қатысуға өтінім хабарландыру жарияланған күннен бастап қабылданады және Қарағанды

қаласы, Әлиханов көш., 5 мекенжайы бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ-та сауда-саттық өткізілетін күннен бір күн бұрын тоқтатылады.

Сатып алу бағасы сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі бес жұмыс күні ішінде ҚР Ұлттық Банкінің ағымдағы бағамы бойынша теңгемен төленеді.

Сауда-саттық өткізілетін жер – Қарағанды қаласы,

Н.Әбдіров даңғылы, 5, 412-каб.

Сенім білдірілген тұлға – Канат Амангельдыевич Мукашев.

Аукцион туралы қосымша ақпаратты 8 (7212) 559-120 немесе 8 (705) 186-06-55 телефондары бойынша алуға болады.

ВНИМАНИЕ, АУКЦИОН !!!

АО «БАНК ЦЕНТМКРЕДИТ» проводит торги по продаже залогового имущества по голландскому методу

№ п/п	Наименование объекта	Местонахождение	Описание и характеристика залогового имущества	Стартовая стоимость	Гарантийный взнос 5%	Дата проведения торгов	Время проведения торгов
1.	Встроенное нежилое помеще-ние.	г. Караганда, район им. Казыбек Би, ул. Букетова, д. 50/2, блок 1, н.п. 2	Встроенное подвальное нежилое помеще-ние общей площадью 514,8 кв.м 2022 г.п. В настоящее время собственником используется как офисное помеще-ние с отдельными кабинетами от общего коридора разделенные гипсокартонными перегород-ками с дверными полотнами. Дворовая территория благо-устроена.	115 006 000 тенге	5 750 300 тенге	03 октября 2024 г.	11 час 00 мин.

Гарантийный взнос – 5% от стартовой стоимо-сти в сумме – 5 750 300 тенге.

Шаг понижения – 3% от стартовой стоимости в сумме – 3 450 180 тенге.

Минимальная цена реализации (-24%) – 87 404 560 тенге.

Заявки на участие в аукционе принимаются со

дня опубликования объявления и заканчиваются за день до проведения торгов по адресу г. Караган-да, ул. Алиханова, 5 в АО «Банк ЦентрКредит».

Покупная цена оплачивается в тенге по теку-щему курсу Национального Банка РК в течение пяти рабочих дней после проведения торгов.

Место проведения торгов – г. Караганда, пр.

Н.Абдирова 5, каб. 412.

Доверенное лицо – Мукашев Канат Амангель-дыевич.

Дополнительную информацию по аукциону возможно получить по тел. 8 (7212) 559-120 или 8 (705) 186-06-55.

№230

• СЕМИНАР

Кәсіпкерге қолдау бар

Қарағандыда облыстың кәсіпкерлік палатасы кәсіпкерлік басқармасымен және TERRICON Valley IT-мен бірлесіп ұйымдастырған жас кәсіпкерлерге арналған семинар өтті. Семинарға 100-ден астам қатысушы онлайн және офлайн формада қатысты.

Семинарды Қарағанды облысының кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейісов ашып, жас кәсіпкерлерді қолдаудың маңыздылығын атап өтті.

– Палата әрдайым жас кәсіпкерлерге қолдау көрсетуге дайын. Бүгінгі семинар – бұл әркімге бизнес-идеяларды жүзеге асыруға көмектесетін қолжетімді бағдарламалар мен құралдар туралы ақпарат алу мүмкіндігі, – делі Ернар Күлпейісов.

Семинарда қатысушылар мемлекет ұсынатын бизнесті қолдау бағдарламалары туралы толық түсінік алды. Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы басшысының орынбасары Абзал Рахымбаев өңірдегі шағын және орта бизнесті қолдау шаралары туралы баяндады. Өз сөзінде ол Қарағанды облысында экономиканың негізгі салаларын қолдауға бағытталған кәсіпкерлікті дамыту бағдар-

ламалары белсенді іске асырылып жатқанын атап өтті.

Сондай-ақ, Абзал Рахымбаев «ДАМУ» кәсіпкерлікті дамыту қорының шағын және орта бизнесті қолдаудың бірінғай кешенді бағдарламасын таныстырды. Оған пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау және микрокредиттерге кепілдік беру кіреді.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ аға несие менеджері Мейіргжан Тосканбаев агробизнесті қолдаудың негізгі бағдарламалары туралы айтып берді. Арнайы кредиттік бағдарламалар агроөнеркәсіптік кешендегі кәсіпкерлерді қолдауға, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі жобаларға бағытталған.

Аяулым ЕРЛАН,
Қарағанды зерттеу
университетінің IV-курс студенті



• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

Театрдың жаңа маусымы ашылды

С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрының 93-маусымының ашылуына орай сондай-ақ, мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, аудармашы, публицист С.Сейфуллиннің туғанына – 130 жыл, театрдың ақын есімін иеленгеніне – 60 жыл толу құрметіне байланысты баспасөз конференциясы өтті.



Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Маусымашарға арналған баспасөз мәслихатында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсенбекова арнайы қонақ ретінде шақырылып, С.Сейфуллиннің отандық тарихтағы рөлі мен XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының қайраткерлік күресіндегі ұлттық мүдде жөнінде әңгімелеп, тарихи деректерге тоқталды.

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Сәкен мектебінің түлегі, Сәкен театрының актері Кенес Жұмабеков қатысып, тарихтан сыр шертіп, Сәкен образын алып шыққан актерлар туралы сөз қозғады.

С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында 1994-2009 жылдары бас режиссер, театрдың көркемдік жетекшісі қызметте-

рін атқарған белгілі режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбеков арнайы Алматы қаласынан келіп қатысып, қызмет жолын бастаған театр жөнінде жылы естеліктерімен бөлісіп, жаңа маусымның ашылуымен құттықтады. Сондай-ақ, Әлімбек Оразбековтің «Режиссер» кітабының таныстырылымы өтті.

– Бұл кітап – өз-өзіме есеп беру. Кітаптың ішінде өзіміз қойған спектакльдердің суреттері, сыншылардың мақалалары, өзімнің әріптестерім, аға-буындардың мен жайлы жазған пікірлері бар. Осы театрда еңбек еткен 15 жылымның жартысы кітаптан орын алды. Ең бір ыстық, ең бір жақсы, ең бір тартымды театр – Сәкен театры. Келгеніме өте қуаныштымын, – деді Әлімбек Тоқтарұлы.

Кітап Әлімбек Оразбековтің 70 жылдық мерейтойына орай жарық көргенін атаған жөн. Әлімбек Тоқтарұлы «Домалақ ана», «Ана-Жер-Ана», «Абай және Әбіш» және т. б. спектакльдерін сахналағанын өнерсүйер қауым жақсы



біледі. Сондай-ақ, қарағандылық көрермендерге оның пьесасы негізінде қойылған «Бір түп алма ағашы» спектаклімен кеңінен танымал. Бұл спектакль К.Станиславский атындағы орыс драма театрында қойылды. Қазіргі уақытта Әлімбек Оразбеков – Алматыдағы М.Әуезов атындағы ұлттық қазақ драма театрының режиссері.

Кітаптың тұсаукесерінен соң дауылпаз ақын Сәкеннің әндері мен өлең-поэмаларынан қойылым қойылды.

Маусымның шымылдығы Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібек» музыкалық драмасымен түрілді. Қо-

юшы режиссері – Айдын Салбан.

– Әр театр үшін үлкен мереке ол маусымның ашылуы. Бүгін біз Сәкен Сейфуллин театрының 93-маусымын ашып жатырмыз. Тағы да айта кететін жайт, биыл С.Сейфуллиннің туғанына 130 жыл және осы театрға Сәкен есімі бекітілгеніне 60 жыл.

Бүгінгі маусымашардың шымылдығы Ғабит Мүсіреповтің «Қыз Жібек» музыкалық драмасымен ашылды. Жалпы, махаббат – алға жетелейтін, биікке жеткізетін, зор мақсаттар мен асуларды бағындыратын сезім. Сонымен қатар, өткен жылы музыкалық театр

деген мәртебе алды. Ондай мәртебе алғаннан соң бізде музыкалық оркестр болуы шарт. Сол себепті 25 адамнан тұратын оркестр ашылды. Оркестрдың ерекшелігі – жартылай ұлттық, жартылай симфониялық аспаптар. Заманауи тілмен айтатын болсақ – гибрид. Үні, әуені, ойналуы мүлдем басқаша естіледі. Содан да «Қыз Жібек» музыкалық драмаға айналдырған жайымыз бар. Оны енді патша көңілді көрермен бағалайды, – деді театрдың көркемдік жетекшісі, режиссер Айдын Салбан.

Бұдан бөлек, театр басшысы Құрман Өмірбекұлы ұжымның

алдағы жоспарларымен де бөлісті.

– Биылғы біздің ғасырға қадам басып келе жатқан 93-маусымда алға қойған мақсатымыз, алдағы болатын шығармашылық жоспарларымыз өте көп. Атап айтсақ, 20-25 қыркүйек күндері аралығында Павлодар қаласында өтетін Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай «Ертіс-Баян» мемлекеттік кәсіби драма және музыкалық-драма театрларының І Республикалық театр фестиваліне барамыз. 7 қазан күні театр ұжымы Оралхан Бөкейдің «Атау кер» драмасымен Сербияға аттанып бара жатыр. Былтыр қуыршақ тобы ашылды. Сол қуыршақ тобы былтыр «Әли Баба» қойылымымен маусымның шымылдығын жапты. Биыл қайтадан «Әли Баба» қойылымымен ашылды. Аталмыш спектакльмен 21-24 аралығында Алматы қаласында ІІІ-республикалық қуыршақ театрлар фестиваліне жол тартамыз. Драматургияға қалам сілтеген Роза Мұқанованың 60 жылдығына арналған драмалық шығармалар фестивалі өтеді. Роза Мұқанованың қаламынан туған «Ешкім де кінәлі емес» спектаклімен Астана қаласындағы фестивалге қатысқалы отырмыз. Қоюшы режиссері – Бекмұханбет Кіикбаев, – деді ол.

Суреттер
ұйымдастырушылардан

• «ЕЛТАНУ»

Абайдың ізін, Мәдидің рухын таныдық

Тансәріде бас жағымда тұрған оятқыштың дауысы бөлме ішін жаңғыртып кетті. Қолымды дереу созып, өшіріп тастадым. Бір байқағаным, күндегідей емес, ұйқым қанып қалыпты. Десе де көңілім әлденеге алаң. Немесе, әлденеге шаттанып тұрғандай. Көзімді аша сала басыма бірінші келгені: «Көліктен қалып қоймадым ба екен?» деген ой. Киелі мекенге сапарлап барамын. Бірақ, мен үшін бұл жай сапар емес, тағылымы мол, мазмұны терең сапар болмақ. Осы ойдың жетегімен есіктің аузында тұрған сөмкемді мойныма іле сала жоспарланған жерде күтіп тұрған көлікке бет алдым.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жолғы бағыт – киелі де қасиетті Қарқаралы өңірі. Құнанбай мен Абай бабамыздың ізі, Мәди батырдың мол мұрасы қалған мекен. Дауылпаз ақын Қасымның кіндік қаны тамған топырақ. Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынов алғаш рет мектеп ашып, қазақ балаларын сауатын ашқан осы Қарқаралы еді. Кешегі қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Тоқтар Өзбекіров те осы киелі мекеннің перзенті.

Әлгінде бізді күтіп тұрған көлікке жеттік. Бізді бастап бара жатқан облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы. «Елтану» жобасы аясында «Ұлы Дала Елі» танымдық экспедициясына ҚХА мүшелері, мемлекеттік тілді меңгерген түрлі этнос өкілдерімен бара жатырмыз. Ондағы мақсат, киелі мекендегі қасиетті орындарға ат басын бұрып, тәу ету. Құнды жәдігерлерін тамашалау. Яғни, өзге ұлт өкілдеріне Қарқаралы өңірін таныстыру.

Көлік орнынан қозғалды...

Қарқаралыға таяп қалсақ керек, ауа температурасы ылғалдана түсті. Әрі жұпар иіс те танауды жарып барады. Бұл – дала иісі. Күнделікті күйбемен мекен-жайыңнан екі көше әрі аса алмай жүрген біздер үшін саф ауа бірден сезілді. Самал жел қарағай басын әлсін-әлсін тербетіп тұр. Салқыны бойынды сәл қалтыратқанымен, бет қаритын ызғар жоқ. Күз келсе де, бұл өңірдің желектері сарғаймапты. Керісінше, одан бетер сұлуланып тұр...

Лық толы көлік ауданның кіреберісінде тұрған «Алаш арыстары» ескерткішінің алдына келіп тоқтады. Әліхан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Ахмет



Байтұрсынұлының келелі кеңес құрып отырғандағы бейнесі. Тарихтан белгілі, 1921 жылы Алаш арыстары Лениннің тұсында сегіз сағат дауласып, Қазақстанның шекарасын белгілеп алған еді. Сол бір болған оқиғаны белгілі мүсінші Талғат Байоразов 2019 жылы қоладан құяды. Еңселі ескерткіштің биіктігі тұғырымен коса есептегенде – төрт метр. Әр персонажға екі тоннадай қола кетіпті. Ескерткіш тұғырының қабырғасында Алаш қайраткерлерінің қанатты сөздері де жазылған. Ауыл үлкендері ескерткіш тарихымен бөліскеннен кейін экспедиция мүшелері гүл қойып, баба аруағына тағзым етті.

Бұдан әрі халық ақыны Мәди Бөпиұлының ескерткішіне бет алдық. Осы ескерткіштің артқы жағында түрме болған деседі. Сол түрмеден қашты деген сылтаумен ақынды дәл осы ескерткіш тұрған жерде атып тастаған екен. Бүгінде сол оқиға орынында баба ескерткіші бөй көтерді. Одан шыға бере Құнанбай мешітін жол түсті. Мешіттің құрылысы 1850 жылы басталып, 1851 жылы аяқталған. Қарқаралы округіндегі ислам дінін уағыздауға, балалардың сауатын ашуға қызмет етіпті. Одан әрі орналасқан ақын, философ Абай Құнанбайұлы тоқтаған үйге кірдік. Бұл – 1850 жылы салынған бір қабатты ғимарат. Биіктігі – 5 метр. Құнды жәдігерлер жайлы толық ақпарат алып, саяхатымызды одан әрі жалғалдық...

Саяхатшы, географ, этнограф, фольклоршы Григорий Потанин тоқтаған та-

рихи үймен де таныстық. Негізінде бұл үйді 1870-1880 жылдар аралығында орыс көпесі Василий Рязанцев қызыл кірпіштен салдырған. Григорий Потанин Қарқаралыға келген уақытында осы үйге тоқтаған екен. Сапар барысында ел арасында тараған аңыз-жырлардың сан алуан нұсқасын жинап, қазақ фольклорын зерттеумен айналысыпты. Өз еңбектерінде Қарқаралыда болғаны және көпес Василий Рязанцевтің үйіне тоқтағандығын ашып жазған. Әрі бұл жөнінде кітапхана ғимаратының сыртында ғалымның тоқтағаны жөнінде жазылған мемориалдық тақта да ілулі.

– Григорий Потанин бұл үйде 1913 жылдары болған. Ал, Шоқан Уалиханов 1964 жылы Қарқаралыға сапары кезінде осы үйге келіп тоқтаған. Өмірден өтерінің алдында осы жерде жатып қазақтың ауыз әдебиетін, өлең жырлары, дәстүрлерін жинап алып кеткен. Қарқаралыға келген атакты тұлғанын бәрі осы үйге келіп тоқтаған тарихи үй бұл, – деді жергілікті өлкетанушылар.

Одан кейінгі тағы бір тарихи нысан – қала басындағы көк шатырлы татар көпесі Халиолла Бекметовтің «Көк үйі». Алшынбай аға сұлтан болған жылдары қызмет бабымен үш мәрте келіп, үшеуінде де осы жерге ат суытқан. Абай да Қарқаралыға үш мәрте келіп, осында тоқтапты. Дәл осы үйде 1905 жылы атакты Қарқаралы петициясы жазылған. Ол петицияны Ахмет Байтұрсын, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев, Имам Әлімбеков сынды арыстар

жазып, «Қоянды» жәрмеңкесінде 14 мың 500 адам қол қойған.

Қарқаралы тарихи-өлкетану музейіне, «Қызыл кеніш» сарайына барып, жергілікті өлкетанушылармен кездесу өткіздік. «Қызыл кеніш» сарайы – XVI-XVII ғасырларда Жоңғар хандығы тұсында салынған екі қабатты, айқаш тәрзідес архитектуралық ескерткіш. Құрылыс материалына, осы өңірдің қызыл тасы қашап пайдаланылған. Қызыл Кент үйіндісінің маңынан бидай тұқымы бар бірнеше қыш құмыралар, будда дінінің заттары табылған.

Түс ауа Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынов ашқан Ақтерек ауылындағы мектепке жол тарттық. Қазіргі уақытта бұл жерде мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиеленуде. Ғимараттың бір бөлмесінен ұлт ұстазының дәріс берген сыныбы ретінде мұражай ашқан екен.

– Бұл – тарихи орны бар ағаш үй. Бізде тоғыз жылдық мектеп бөлек. Ғалым Ақжан Машанидің айтуы бойынша 1980 жылы «Ұлан» газетіне «Қарқаралыдағы тұңғыш қазақ мектебі» деген атпен үлкен мақала жарық көрді. Сол мақалада Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов 1904-1908 жылдары осы жерде сабақ берген деген дерек бар. Сонымен қатар, әліппені де осы жерде құрастырған деген дерек бар, – деді А.Байтұрсынов атындағы №26 негізгі орта мектебінің директоры Светлана Әбеннова.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Қоржында – үш алтын

Қарағандылық спортшы Максим Губарев полиатлоннан әлем чемпионы атанды. Қазақстан, Ресей және Беларусь елдерінен 150-ден астам спортшы қатысқан жарыста жерлесіміз 1 орынды иеленді.

Біріншілік Могилевте өтті. Спортшылар 4 күн бойы қысқа және ұзақ қашықтыққа жүгіру, ату, жүзу және спорттық снаряд лақтыру жарыстарында бак сынасты. Қарағандылық 43 жастағы спортшы ұпай бойынша абсолютті біріншіліктің алтынын жеңіп алды.

– Жеңіске мен тер төгіп, еңбек етуімнің арқасында қол жеткіздім. Бұл жерде ең бастысы – тұрақты және жүйелі жаттығулар. Әр дайындыққа барынша назар аудару керек. Сонда ғана жақсы нәтиже болады, – деп бөлісті Максим Губарев.



Бірнеше рет республикалық және халықаралық жарыстардың жеңімпазы атанған спортшы полиатлонмен 20 жыл шамасында айналысады. Осыған дейін Қазақстан чемпионатында алғашқы 2 алтынын жеңіп алған. Бұл – биыл алған үшінші алтыны. Қазіргі таңда спортшы Петропавл қаласында өтетін Қазақстан Республикасының кубогына дайындалуда. Сайыс қараша айында өтеді.

Аяулым ЕРЛАН,
Қарағанды зерттеу университетінің
IV-курс студенті

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы
ӨБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна
МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-35-37
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ. Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortaltyk.kz@gmail.com; ortaltyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortaltyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KJZKZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 106 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ. Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығына теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНАЙ**